26 шілде – 15 қазан	Парниктік газдар ұлттық кадастрының алдын ала нұсқасының жекелеген бөлімдерінің сапасын бақылау. Ко	1-деңгей - жыл сайын көздердің жекелеген санаттары мен бөлімдер бойынша жұмыстардың аяқталуына қарай.Көздердің негізгі санаттарының әрқайсысы үшін 3 жылда 2 рет. 2-деңгей - көздердің негізгі санаттарының әрқайсысы үшін 3 жылда 2 рет.
1 қазан	Кадастрдың сапасы мен құрылымын қамтамасыз ету тәртібін айқындау.	Жыл сайын
15 қазан	ҚР ЭГТРМ Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаментіне кадастрдың алдын ала нұсқасын ұсыну.	Жыл сайын
1 қараша – 20	П Парниктік газдар ұлттық кадастрының	1-деңгей - жыл сайын

Орындау мерзімі	Жұмыс түрлері	Мерзімділік
желтоқсан	жекелеген бөлімдерін тексеру. Кадастр туралы ұлттық баяндаманың тиісті бөлімдеріне түзетулер енгізу (қажеттілігіне қарай).	көздердің жекелеген санаттары мен бөлімдер бойынша жұмыстардың аяқталуына қарай.Көздердің негізгі санаттарының әрқайсысы үшін 3 жылда 2 рет. 2-деңгей - көздердің негізгі санаттарының әрқайсысы үшін 3 жылда 2 рет.
25 желтоқсан	«Жасыл Даму» АҚ-ға ескертулер мен ұсыныстары бар кадастр құрылымының түсуі.	Жыл сайын
26 желтоқсан – 3 ақпан	Кадастрды жетілдіру жолдарын анықтау, түзетулер енгізу.	Жыл сайын
5 наурыз	Ұлттық кадастр жобасын және ЖПЕ кестелерін дайындау және оны ҚР ЭГТРМ Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаментіне беру.	Жыл сайын
3 – 30 наурыз	Ұлттық кадастр жобасының және ЖПЕ кестелерінің сапасын қамтамасыз ету. Деректерді, параметрлерді және басқа да нақты ақпаратты рецензиялау. Ұлттық баяндаманы және баяндаманың жалпы нысанындағы кестелерді терендетіп қарау.	Жыл сайын
30 наурыз	Жойылған ескертулері мен ұсыныстары бар кадастр жобасын БҰҰ КӨНК Хатшылығына ұсынуға келісу және дайындау үшін ҚР ЭГТРМ Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаментіне беру.	Жыл сайын
15 сәуір	Кадастрдың түпкілікті нұсқасын БҰҰ КӨНК Хатшылығына ұсыну.	Жыл сайын

1.2.3.3 СБ жалпы рәсімдері

Кадастрдың СБ жалпы рәсімдері келесі қызмет түрлерін қамтиды:

1. Қызмет туралы деректерді, шығарындылар коэффициенттерін және бағалаудың басқа да параметрлерін таңдау жорамалдары мен критерийлерін құжаттауды тексеру: тіркеу және мұрағаттау дұрыстығы.

2. Бастапқы деректерді көшірумен байланысты қателердің болуын, деректер көздеріне сілтемелердің дұрыстығын тексеру, бастапқы деректерді нақтылау.

3. Есептеу нәтижелерінің дұрыстығын, есептеу формулаларының дұрыстығын тексеру.

4. Өлшем бірліктерінің, параметрлердің, аудару коэффициенттерінің және шығарындылардың дұрыстығын тексеру.

5. Деректер қоры файлдарының бүтіндігін тексеру.

6. Санаттар арасындағы деректердің келісімділігін тексеру.

7. Бағалау келісімділігін және бастапқы деректердің белгісіздігін тексеру.

8. Уақытша қатарлардың келісімділігін тексеру: шығарындыларды бағалауды алдыңғы кадастрлармен және ЖПЕ қайта есептеу, 8-кестесінің деректерімен салыстыру.

9. ЖПЕ кестелеріндегі деректердің толықтығын, олқылықтардың бар-жоғын және толтырылуын, түсініктемені, қателердің, жаңылыс белгілерінің бар-жоғын тексеру мақсатында эмиссиялардың өзгермелі факторларын талдауды тексеру.

10. Қызмет туралы деректердегі үрдістерді және қызмет, эмиссиялар коэффициенттері мен бағалаулары туралы деректердегі ерекше үрдістер түсініктемелерінің болуын тексеру.

11. Ішкі құжаттар мен мұрағаттарға шолу жүргізу, ішкі құжаттардың қайталануын және бастапқы деректерді реттеу.

Сапаны бақылау рәсімдері кадастрды дайындау барысында оны әзірлеушілер қажет болған жағдайда қажетті қосымша ақпарат алу үшін басқа ұйымдардың бейінді мамандарын тарта отырып орындайды. СҚ/СБ рәсімдері сыртқы ұйымдарды, бейінді министрліктер мен ведомстволарды тарта отырып жүзеге асырылады. Осы мақсатта ҚР ЭГТРМ КСЖТК-ның ілеспе хатымен бірге мемлекеттік органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдарға қателердің бар-жоғын тексеруге немесе ПГ эмиссияларының/сіңірудің алынған бағаларын келісуге жіберіледі.

СҚ/СБ шеңберіндегі қызмет сапаны бақылаудың жалпы рәсімдерін (1-деңгей), сондай-ақ сапаны бақылаудың егжей-тегжейлі рәсімдерін (2-деңгей) қамтитын тексерулер кестесіне сәйкес орындалады. Рәсімдердің негізгі бөлігі секторлар бойынша сарапшылардың тоғыспалы бақылауы арқылы орындалады, атап айтқанда, бастапқы деректердің дұрыстығын, шығарындылар коэффициенттерін, есептеулерді, құжаттаманың толықтығын және т. б. жан-жақты тексеру. СҚ/СБ-ға жауапты тұлға жалпы үрдістерге, пайдаланылған әдіснамалар мен т.б. сәйкестігіне тексеру жүргізеді. Секторлар бойынша тексерудің басталу және аяқталу мерзімдері мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып, қызмет туралы барлық бастапқы деректерді тексеруге арналған бақылау парақтарын «Жасыл Даму» АҚ қызметкерлері бақылау тексерісін қайталау үшін толтырады.

Рәсімдер	Тексеруді орындау			Қателерді жою бойынша іс-әрекеттер		Түсініктемелер
	Жауапты тұлға	Бастау күні	Аяқтау күні	Жауапты тұлға	Күні	
Бастапқы деректердің сапасын бақылау						
Қызмет туралы деректерді тексеру						
Бастапқы деректердегі үрдістерді тексеру						
Деректер көздеріне сілтемелердің дұрыстығын тексеру						

Эмиссиялар коэффициенттерін тексеру						
Қайта есептеу коэффициенттерін тексеру						
Есептеу формулаларының дұрыстығын тексеру						
Эмиссиялар/ сіңірулер есебінің сапасын бақылау						
Бағаны есептеудің дұрыстығын тексеру						
Эмиссиялар қатарындағы үрдістерді тексеру						
Шығарындылар/ сіңіру белгісіздігін бағалауды тексеру						

Тексеру парақтары әрбір сектор бойынша кадастрды құрайтын сарапшылар арасында тоғыспалы тексеру үшін пайдаланылады. Шарт негізінде тексеру үшін кадастрды жасауға қатыспайтын басқа мекемелерден тәуелсіз сарапшылар тартылуы мүмкін. Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу мен кадастрды және ЖПЕ электрондық кестелерін жасау бойынша ай сайынғы ақпараттық есептер нысанында тоқсандық есептілік көзделген, ол уәкілетті органға КҰБ-ны дайындаудың күнтізбелік жоспарына сәйкес апта сайынғы есептерге енгізіледі. Парниктік газдарды түгендеу жөніндегі жұмыстарды дайындау барысында және аяқталғаннан кейін тәуелсіз сыртқы аудиторлар КҰБ-ның аудитін жүргізуі мүмкін.

1.2.3.4 БҚ рәсімдері

БҚ негізгі рәсімдері парниктік газдардың ұлттық кадастрларында (КӨҮСТ, 2003) белгісіздік факторларын есепке алу және тиімді практика бойынша басшылық нұсқаулардың 8.1-кестесіне сәйкес дайындалған және мынадай операцияларды жүргізуден тұрады:

Жұмыс түрлері	Негізгі операциялардың сипаттамасы	Жауапты орындаушы	Мерзімділігі
Қызмет және параметрлер туралы деректердің өлшемдігін тексеру	— Есептік формулалардың өлшемділігін тексеру. — Іс-әрекет туралы деректер мен параметрлердің өлшемін есептің басынан аяғына дейін тексеру.	Ахмадиева Ж.К.(Энергетика) Ермаханова Э.М.(ӨПӨ П), Токпаев З.Р. (Ауыл шаруашылығы), Лебедь Л.В. (ЖЖӨОШ), Сатенова Э,Ж.(Қалдықтар)	Жыл сайын, көздердің әр санаты бойынша
Шығарындылар мен абсорбция есептеулерін тексеру	— Есептеудің уақытша қатарының, қызмет және параметрлер туралы деректердің келісімділігін талдау. Айырмашылықты анықтау және олардың себептерін түсіндіру. — КӨҮСТ әдіснамасының есептік формулаларының сәйкестігін талдау.	Ахмадиева Ж.К.(Энергетика) Ермаханова Э.М.(ӨПӨ П), Токпаев З.Р. (Ауыл шаруашылығы), Лебедь Л.В. (ЖЖӨОШ), Сатенова	Жыл сайын, көздердің әр санаты бойынша

Жұмыс түрлері	Негізгі операциялардың сипаттамасы	Жауапты орындаушы	Мерзімділігі
	Ұлттық әдістер мен параметрлерді қолданудың негізділігін бағалау. — Есептеулерді іріктеп қайталау (қажет болған жағдайда). Қателерді анықтау, оларды жою және қайта есептеу.	Э,Ж.(Қалдықтар)	
Қайта есептеулерді тексеру	— Шектес жылдардағы кадастрлардың деректерін салыстыру. Келіспеушіліктерді және олардың себептерін анықтау. — Әдіснамалардың, түзетулердің және орындалған қайта есептеулердің өзгеруінің негізділігін тексеру.	Ахмадиева Ж.К.(Энергетика) Ермаханова Э.М.(ӨПӨ П), Токпаев З.Р. (Ауыл шаруашылығы), Лебедь Л.В. (ЖЖӨОШ), Сатенова Э,Ж.(Қалдықтар)	Жыл сайын, әр ссектор бойынша
Ұсынылған деректердің толықтығын және тұтастығын тексеру	— Қызмет туралы деректердің, параметрлер мен есептеулердің толықтығын және дәйектілігін талдау. — Деректерді ұсыну және олардың сипаттамаларының дұрыстығын талдау.	Ахмадиева Ж.К.(Энергетика) Ермаханова Э.М.(ӨПӨ П), Токпаев З.Р. (Ауыл шаруашылығы), Лебедь Л.В. (ЖЖӨОШ), Сатенова Э,Ж.(Қалдықтар)	Жыл сайын, әр ссектор бойынша

Парниктік газдардың ұлттық кадастрының сапасын тоғыспалы тексеру мынадай жұмыс түрлеріне сәйкес жүргізіледі:

Жұмыс түрлері	Негізгі операциялардың сипаттамасы	Жауапты орындаушы	Мерзімділігі
Қызмет туралы деректерді, параметрлерді және қабылданған болжамдарды тексеру	— Қызмет және параметрлер туралы деректерді таңдау сипаттамасын талдау. — Есептеу кезінде қабылданған болжамдар мен жорамалдар негізділігін талдау.	Энергетика - Ермаханова Э.М., ӨПӨП - Ахмадиева Ж.К., Ауыл шаруашылығы - Лебедь Л.В., ЖЖӨОШ – Токпаев З.Р., Қалдықтар – Есеркепова И.Б.	Кадастр туралы баяндаманы дайындау кезінде жыл сайын
Деректер санаттары арасындағы деректердің келісімділігін тексеру	— Көздердің бірнеше санаттары үшін ортақ параметрлерді орнату. — Жалпы параметрлерді пайдалана отырып алынған шамалардың келісімділігін тексеру. — Көздердің жекелеген санаттары арасындағы деректердің дұрыс тасымалдануын тексеру	Энергетика - Ермаханова Э.М., ӨПӨП - Ахмадиева Ж.К., Ауыл шаруашылығы - Лебедь Л.В., ЖЖӨОШ – Токпаев З.Р., Қалдықтар – Есеркепова И.Б.	Кадастр туралы баяндаманы дайындау кезінде, жыл сайын
Кадастрдың	— Библиография мен пайдаланылған	Энергетика - Ермаханова Э.М.,	Кадастр туралы

Жұмыс түрлері	Негізгі операциялардың сипаттамасы	Жауапты орындаушы	Мерзімд ілігі
мазмұнын тексеру	материалдарға сілтемелердің болуын және дұрыс көрсетілуін тексеру. — Баяндама мен кадастр туралы баяндаманың жалпы нысанының шамаларын іріктеп салыстыру.	ӨПӨП - Ахмадиева Ж.К., Ауыл шаруашылығы - Лебедь Л.В.,ЖЖӨОШ – Токпаев З.Р., Қалдықтар – Есеркепова И.Б	баяндама дайындаған нан кейін, жыл сайын
Кадастрд ың толықтығ ын тексеру	— Дерек көздерінің барлық санаттары бойынша және базалық жылдан бастап барлық жылдар бойынша баға ұсынуын тексеру. — Көздердің санаттары бойынша деректер мен шығарындыларды бағалауда олқылықтарды анықтау және оларды тиісті құжаттандыруды тексеру.	Энергетика - Ермаханова Э.М., ӨПӨП - Ахмадиева Ж.К.Ауыл шаруашылы ғы - Лебедь Л.В.ЖЖӨО Ш – Токпаев Қалдықтар – Есеркепова И.Б	Кадастр туралы баяндама дайындағанна н кейін, жыл сайын

1.2.3.5 Құжаттау және мұрағаттау рәсімдері

Барлық бастапқы ақпаратты және парниктік газдар эмиссиялары мен сіңірулерін есептеу нәтижелерін құжаттау және мұрағаттау мынадай рәсімдерге сәйкес жүргізіледі:

1. Парниктік газдардың ұлттық кадастрын дайындау процесін әкімшілік-ұйымдастырушылық сүйемелдеу:

- Парниктік газдардың ұлттық кадастрын дайындауға жауап беретін тұлғалардың біліктілігі туралы деректерді жинау және сақтау;
- Парниктік газдар ұлттық кадастрының жекелеген бөлімдерін дайындауға жауап беретін мамандар үшін лауазымдық нұсқаулықтарды жинау және сақтау;
- Парниктік газдардың ұлттық кадастрын дайындау кезінде болып жатқан әкімшілік-құрылымдық, лауазымдық және өзге де өзгерістерді есепке алу және тіркеу;
- Парниктік газдар кадастрының сапасын қамтамасыз ету және бақылау материалдарын есепке алу, тіркеу және сақтау.

2. Ішкі құжаттаманы, қызмет және эмиссиялар коэффициенттері туралы деректерді, парниктік газдар эмиссиясы мен сіңірулерін есептеу параметрлері мен рәсімдерін бақылау:

- Парниктік газдардың ұлттық кадастрын дайындау үшін «Жасыл Даму» АҚ-ға келіп түсетін қызмет, параметрлер және басқа да ақпараттық материалдар туралы деректерді тіркеу;
- Парниктік газдардың ұлттық кадастрын дайындау үшін келіп түскен ақпаратты есепке алу және бөлуді бақылау және оны тұтынушыларға ұсыну;
- Парниктік газдар ұлттық кадастрының жекелеген бөлімдерін дайындау үшін қажетті қызмет және параметрлер туралы деректерді жинау рәсімдерінің сипаттамаларының, есептеу рәсімдерінің, қабылданған жорамалдардың, есептеудің сандық және мәтіндік материалдарының және басқа да ішкі ақпараттың болуын және сақтау тәртібін тексеру.

1.2.3.6 Рәсімдердегі қажетті жақсартулардың сипаттамасы

СҚ/СБ рәсімдеріндегі жақсартулар жыл сайын ұлттық кадастрды қарау нәтижелерін ескере отырып, БҰҰ КӨНК Хатшылығының шолуы бойынша сарапшылар тобының Кадастр туралы ұлттық баяндаманы тереңдетіп шолу процесінде жүргізіледі. Бұл ретте әдістемелік тәсілдерді жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді (есептеулердің неғұрлым жоғары деңгейіне көшу орындалды ма, эмиссияның ұлттық коэффициенттері әдепкі коэффициенттердің орнына пайдаланылады ма).

2019 жылғы Парниктік газдар кадастры туралы ұлттық баяндаманың алдыңғы шолуы барысында БҰҰ КӨНК Хатшылығының шолуы бойынша халықаралық сарапшылар тобымен алынған ұсынымдар осы есепті дайындау кезінде назарға алынды.

1.2.4 ПГ түгендеуді алдыңғы ұсыну уақытынан бастап ұлттық жүйедегі өзгерістер

1990-2018 жж. ұлттық кадастрдың сапасын қамтамасыз ету және сапасын бақылау «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығына, ашықтығына және дәйектілігіне бақылау жүргізу қағидалары» ЭГТРМ-ның бұйрығы жобасымен реттеледі, ол 2020 жылы қабылданады. Қағидаларда парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, ашықтығын және дұрыстығын бақылау жөніндегі жұмыстардың барлық кезеңдері белгіленеді. Уәкілетті орган әрбір жылдың 1 маусымына дейін жоспарлау кезеңдерін, есептеу және ақпаратқа қажеттілікті анықтау, алынған деректер мен мәліметтерге талдау жүргізу, аралық және түпкілікті нәтижелерді бағалау кезеңдерін қоса алғанда, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеуді жүргізудің әрбір кезеңінде бақылау рәсімін жүргізу кестесін әзірлейді.

2018 ж. ұлттық жүйеде алдыңғы түгендеу ұсынылған уақыттан бастап өзгерістер болған жоқ. Алайда, РСТ бұл проблеманы әлеуетті проблемалар мен одан арғы мәселелер тізіміне енгізді. Қазақстан 2019 жылғы 30 сәуірден бастап сақталмау тәртібінде болғандықтан, ҚР Ұлттық кадастрының 1990-2015 жылдарға шолу нәтижелеріне сәйкес БҰҰ КӨНК Хатшылығының сарапшылар тобының шолуы бойынша ескертпелерге сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен жоғарыда аталған № 214 бұйрықты қайта қарауды жоспарлап отыр. ҚР КҰБ шолу барысында 2017 жылы Қазақстанның КҰБ ұлттық кадастрының анықталған проблемаларды шешу үшін іс-қимыл жоспары мен оны іске асыру туралы ақпаратты қамтымайтыны анықталды. Атап айтқанда: (1) ведомствоаралық ынтымақтастық пен қолдауды жақсарту үшін қосымша келісімдер мен тетіктер жасау; (2) СҚ/СБ бойынша рөлдер мен міндеттерді анықтау және деректерді тексеру; және (3) ҒЗЖ қарау, бекіту және қол қою процестері үшін қабылданған тетіктерді іске асыру үшін қадамдар, оның ішінде қол жеткізілген және күтілетін мерзімдер туралы ақпарат ұсыну қажет. Бұл өзгерістерді № 2014 бұйрыққа енгізу және 1990-2019 жылдардағы кадастрға (жыл сайынғы ұсынымда 2021 ж.) ұсыну жоспарланып отыр.

Қазақстан сақтау жөніндегі комитеттің шешімдеріне сәйкес ҚР Ұлттық жүйесінде анықталған проблемаларды шешу үшін іс-қимыл жоспарын және оны іске асыру туралы ақпаратты ұсынуды жоспарлап отыр. ҚР-ның сақтамау режимінен шығуы жөніндегі жоспар жобасында мекемеаралық ынтымақтастықты жақсарту және ұлттық қазынаны қолдау үшін қосымша келісімдер мен тетіктерді жасау үшін іс-қимылдар мен күтілетін мерзімдер ұсынылған, олар түгендеу және оны дайындауға жәрдемдесу жөніндегі рөлдер мен міндеттерге (ұлттық жүйеге) қатысты түгендеуге қатысушы әрбір мемлекеттік орган үшін мандаттарды айқын анықтайды. Қазақстанда ПГ шығарындылары туралы ұлттық баяндаманы дайындау бойынша жұмыстарды қаржыландыру мәселесі бойынша ҚР Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарлануда. Бұл Қазақстанға КҰБ-ның ұлттық жүйеге сәйкес БҰҰ КӨНК Хатшылығына тұрақты және уақтылы берілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2020 жылы бірінші кезекте ЖЖӨОШ және Энергетика («Көлік» және «Ұшпа эмиссиясы» кіші санаттары) проблемалы секторларда ұлттық есептілікті жақсарту бойынша халықаралық консультанттармен бірқатар оқыту семинарлары мен кездесулер өткізу жоспарланған.

1.3 Түгендеуді дайындау, деректерді жинау, өңдеу және сақтау (мұрағаттау)

Қазақстанда кадастрды дайындау жыл сайын парниктік деректерінің шығарындыларын бағалау үшін деректерді жинауға қойылатын талаптарға және БҰҰ КӨНК басшылық принциптеріне сәйкес жүргізіледі. 2015 жылдан бастап Қазақстан I қосымшаның елдері ретінде ПГ Ұлттық кадастрын дайындауда Конвенцияның I қосымшасына енгізілген Тараптардың ұлттық хабарламаларын дайындау үшін жаңартылған «Басшылыққа алынатын қағидаттары, I бөлім: парниктік газдардың жылдық кадастрлары туралы ақпаратты ұсыну үшін БҰҰ КӨНК-тің басшылық қағидаттарын» пайдаланады. Бұл басшылық қағидаттар БҰҰ КӨНК-тің 19-шы конференциясында (FCCC/CP) Варшавада қабылданған 24/CP19 шешімінің I қосымшасында

берілген(/2013/10/ Add.3). Осы жылдан бастап II (CRF) қосымшадағы баяндамаларды ұсыну үшін жалпы нысандағы қайта қаралған кестелер және аталған шешімнің III қосымшасында қамтылған жаһандық жылыну әлеуеттерінің мәндері пайдаланылады.

Деректерді жинау тиісті Министрліктерге, Комитеттерге, өнеркәсіп кәсіпорындарына хаттар жіберу арқылы ресми сұрау жолдау негізінде жүзеге асырылды. Мемлекеттік органдардан алынған деректер мұрағатталып, «Жасыл Даму» АҚ-да түгендеуде сақталады. Арнайы деректер сервері бар.

Ұлттық жүйе шеңберінде жыл сайынғы Ұлттық кадастрды дайындау жөніндегі жұмыс органы ҚР ЭГТРМ-нің «Жасыл Даму» АҚ болып табылады, оның алдында ПГ шығару және сіңіру көзі ретінде орман шаруашылығы және басқа да жер пайдалану түрлерін қоса алғанда, ел экономикасының барлық секторлары бойынша бастапқы ақпаратты жинауды және ПГ ағындарын есептеуді жақсарту жолымен ПГ түгендеу жөніндегі есептілікті жақсарту міндеті қойылады. ПГ түгендеу бойынша есептілікті дайындау барысында орман шаруашылығы секторы және басқа да жер пайдалану түрлері үшін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігін (орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, Су ресурстары комитеті), ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігін (Жер ресурстарын басқару комитеті және «Агрохимқызмет «РҒӨО» ММ), ҚР Сандық даму министрлігін қоса алғанда, ел аумағында жердің, жер пайдаланудың және табиғи ресурстардың жүйелі мониторингін орындайтын ведомстволар мен ұйымдардан, ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінен («Азаматтарға арналған үкімет» мемкорпорациясы), ҚР Ұлттық экономика министрлігі (Статистика комитеті) және ҚР Ішкі істер министрлігінен (Төтенше жағдайлар комитеті) алынған.

Кадастр персоналының тәжірибесін сақтау мақсатында қызметкерлер мезгіл-мезгіл техникалық дайындықтан өтеді немесе өздері табиғат пайдаланушылар немесе кәсіпорындар өкілдері үшін лекторлар ретінде курстар немесе дәрістер өткізуге қатысады. Электрондық кестелерді толтырғаннан кейін әрбір сарапшы NIR және CRF кестелерінің мәтінінде кесте материалына алғашқы тексеру жүргізеді, содан кейін секторлар бойынша басқа мамандар дайындаған есептердің нәтижелерін айқаспалы тексереді. Мұндай тексеру қателіктерді анықтауға және оларды түзетуге көмектеседі. «Жасыл Даму» АҚ штатын әрбір сектордың кем дегенде екі маманы болатындай және олар бір-бірінің жұмысын бақылай алатындай етіп ұлғайту қажет, өйткені әрбір сектор бойынша жұмыс саны жыл сайын ұлғайып келеді және басқа да ағымдағы жұмысты орындау қажет.

«Жасыл Даму» АҚ-да бастапқы деректерді, деректерді және есепті ақпаратты жеткізуші ұйымдармен хат алмасуды қоса алғанда, түгендеу деректерін мұрағаттау және сақтау жүзеге асырылады:

a) түгендеу деректері электрондық түрде де, қағаз тасығыштарда да сақталады. 2010 жылдан бастап ішкі сауда жүйесі аясында жинала бастаған кәсіпорындардың инвентарлық есептерін сақтауға арналған сөрелермен деректерді сақтауға арналған арнайы бөлме бөлінген. Сондай-ақ баспа әдістемелік материалдар, статистикалық жылнамалар, ақпарат жеткізушілермен хат алмасулар және соңғы жылдардағы есептік материалдар бар;

b) бұдан басқа, секторлар бойынша ПГ эмиссияларын есептеу деректері мен нәтижелері деректер серверінде файлдарды сақтау жүйесінде бөлінген деректер базасында сақталады.

Мұрағат және серверлік бөлме бесінші қабатта орналасқан оқшауланған үй-жайлар болып табылады. Оларға тек жүйелік әкімші қол жеткізе алады. Табиғи апаттардан, өрттен және су тасқынынан қорғауды қызмет көрсетуші персонал қамтамасыз етеді. Өртке қарсы қауіпсіздік сақталады. Мұрағат өрт сөндіргішпен жабдықталған. Өртке қарсы қауіпсіздікке жауапты тұлға тағайындалды.

c) қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін серверге қол жеткізу сервер әкімшісі Парниктік газдарды түгендеу департаменті директорының атынан берген құпия сөзді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

1.4 Пайдаланылған әдіснамалардың қысқаша сипаттамасы (әдістемелік деңгейлерді қоса алғанда) және пайдаланған деректер көздері

Кадастрды жасау үшін КӨҮСТ басқарушы қағидаттарында баяндалған КӨҮСТ-тің 2006 жылғы әдіснамасы қолданылады.

Эмиссияларды CO_2 баламасына ауыстыру кезінде «Конвенцияның I қосымшасына енгізілген тараптардың жылдық кадастрлары туралы ақпарат беру үшін БҰҰ КӨНК-тің басшылық қағидаттарын қайта қарау» 24/CP.19 шешімінің қосымшасында қамтылған жаһандық жылыну әлеуетінің (ЖЖӘ) мәндері пайдаланылды. Метан үшін ЖЖӘ мәні 25, ал азот тотығы -298. Есептер ішінара 1- әдіснамалық деңгейде жүргізіледі. Көздердің негізгі санаттары үшін негізінен 2 және 3- деңгейлері қолданылады. Пайдаланылатын деңгейлер туралы толық ақпарат КҰБ-ның секторлық бөлімдерінде келтіріледі. Кейбір санаттарда «2019 жаңартуда» КӨҮСТ бекітуіне ұсынылған әдістеме қолданылды. Атап айтқанда, 1-санатты көмір өндіруден ПГ ұшпа эмиссияларын есептеу. Алғаш рет КӨҮСТ-тің (Refinement 2019) жаңартылған әдіснамасын пайдалану арқылы жүргізіледі. Оны КӨҮСТ сайтынан табуға болады (www.ipcc.ch).

1.5 Дереккөздердің негізгі санаттарын талдау

Негізгі санаттарды талдау 2006, КӨҮСТ БҚ талаптарына сәйкес орындалды және 1-деңгейдің әдіснамасына сәйкес келеді. Талдау нәтижелері осы баяндамаға 2-қосымшада келтірілген. Кестеге келесі параметрлердің бірі бойынша эмиссияның/сіңірудің 95% құрайтын сомадағы санаттар енгізілген:

– 1990 және 2018 жж. «ЖЖӨОШ» есебінсіз жиынтық шығарынды/сіңіру үлесі;

- 1990 және 2018 жж. «ЖЖӨОШ» есебімен жиынтық шығарынды/сіңіру үлесі;

- 1990 ... 2018 жж. кезеңінде «ЖЖӨОШ»;

- «ЖЖӨОШ» есебімен 1990...2018 жылдар аралығындағы жиынтық шығарынды/жұтылу үрдісінің үлесі.

Түйінді санаттар әрбір газ үшін жаһандық жылыну әлеуетінің шамалары арқылы есептелген CO_2 баламалы эмиссияны пайдалана отырып, парниктік газдардың ұлттық кадастрындағы шығарындылардың/сіңірудің сомасына немесе үрдісі үлесіне абсолюттік шамасы бойынша сараланған.

Негізгі санаттарды талдау КӨҮСТ БҚ 8-тарауында ұсынылған санаттарды нақтылау деңгейінде негізделген, 2006 және CRF Reporter пайдалану арқылы жүргізілді.

Деңгей бойынша негізгі санаттардың жалпы саны:

- 1990 жылы 27 «ЖЖӨОШ» есебімен және 24 "ЗИЗЛХ" есебінсіз»;

- 2018 жылы 28 «ЖЖӨОШ» есебімен және 24 «ЖЖӨОШ» есебінсіз.

Тренд бойынша негізгі санаттардың жалпы саны:

- 27 «ЖЖӨОШ» есебімен;

- 26 «ЖЖӨОШ» есебінсіз.

2018 жылы «ЖЖӨОШ» есебімен негізгі санаттарға 380426,63 мың тонна CO2 экв кіреді. бұл ұлттық шығарындылардың 95,4% - ына сәйкес келеді. 2018 жылы «ЖЖӨОШ» деңгейі бойынша негізгі санаттарға 377658.59 мың тонна CO_2 экв кіреді, бұл ұлттық шығарындылардың 95,3% - ына сәйкес келеді.

2018 жылы ПГ ұлттық шығарындыларына ең көп үлес қосқан негізгі санаттар (ЖЖӨОШ есебімен):

– 1.А. 1 отын жағумен байланысты қызмет - Энергетика өнеркәсібі - Қатты отын -20,2 %;

- 4.В. 1 Өсірілген жерлер - 8,6 %;

– 1.А. 5 отынды жағумен байланысты қызмет - Белгісіз түрлер - Газ тәрізді отын -7,7 %;

– 1.А. 2 отынды жағумен байланысты қызмет – Өндірістік салалар және құрылыс – Қатты отын – 6,4 %.

2018 жылы ПГ ұлттық жұтуға ең үлкен үлесі бар негізгі санаттар:

– 4.С. 1 Жайылымдар болып қалатын жайылым -3,3 %;

– 4.А. 1 Орман жері болып қалған орман жерлері -2,7%.

Ұлттық эмиссия немесе жұтылу үрдісіне ең көп үлесі бар түйінді санаттар («ЖЖӨОШ»):

– 4.В. 1 Өсірілген жерлер болып қалатын өсірілген жерлер -14,7 %;

– 1.А. 5 Отынды жағумен байланысты қызмет - белгісіз түрлер - Газ тәрізді отын- 11,9 %;
– 1.В. 1 Қатты отыннан ұшатын шығарындылар -7,4%.

Негізгі санаттарды талдау нәтижелері бағалаудың белгісіздігін азайту және ресурстарды оңтайлы бөлу мақсатында – әдістемелерді жетілдіру, бастапқы деректерді жинау және нақтылау, негізгі санаттар үшін сапаны бағалау және бақылау басым тәртіппен жүргізілуі үшін келесі жыл сайынғы кадастрды дайындау процесінде пайдаланылады.

1.6. Жалпы белгісіздікті бағалау

Белгісіздікті бағалау көздердің, парниктік газдар мен сіңіргіштердің барлық санаттары үшін жүргізілді. Есептер 95% сенімгерлік интервал үшін 1-тәсілге сәйкес орындалды. Парниктік газдар шығарындыларының белгісіздігі қызмет туралы деректердің және шығарындылардың коэффициенттерінің белгісіздігімен анықталады. Парниктік газдар ұлттық кадастрының біріктірілген белгісіздігін бағалау осы баяндамаға 3-қосымшада берілген, кесте КӨҮСТ, 2006 басшылық қағидаттарының 1-томының 3.2-кестесіне сәйкес келеді. ERT ұсынысы бойынша 1990ж. жалпы белгісіздікке бағалау жүргізілді. 1990 жылы «ЖЖӨОШ» үлесін есепке ала отырып, парниктік газдардың ұлттық кадастрының біріккен белгісіздігінің шамасы 5, 908 %, «ЖЖӨОШ» үлесін есепке алмағанда – 5,623 % құрады.

2018 жылы «ЖЖӨОШ» үлесін есепке ала отырып, Біріккен белгісіздіктің шамасы 4,988% – ды, шығарындылар үрдісінің белгісіздігі -5,490% - ды құрады. «ЖЖӨОШ» есебінсіз біріккен белгісіздіктің шамасы – 3,705 %, шығарындылар үрдісінің белгісіздігі – 4,052%- ды құрады.

Біріккен белгісіздікке келесі көздер мен сіңіргіштердің санаттары үлкен үлес қосты:
– 1.В. 1.А. 2 Ашық тәсілмен көмір өндіру;
– 4. В. Өсірілетін жерлер;
– 4. А. Орман шаруашылығы.

Есепті жылы парниктік газдардың ұлттық кадастрының біріктірілген белгісіздігінің шамасы алдыңғы кадастрға қарағанда 0,196% - ға төмен, ал шығарындылар үрдісінің белгісіздігі 0,633% - ға жоғары болды, бұған ПГ эмиссиясын/сіңірілуін орындаған қайта есептеу ықпал етті.

Белгісіздікті бағалау нәтижелері парниктік газдардың эмиссиясын/сіңірілуін есептеуді одан әрі жетілдіру кезінде белсенді қолданылады. Жалпы белгісіздікке барынша әсер ететін көздер мен сіңіргіштердің санаттары үшін есеп деңгейін арттыру және қызмет туралы деректерді нақтылау жөніндегі іс-шаралар жоспарланып отыр.

2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҮРДІСТЕРІ

2.1. Қазақстандағы парниктік газдардың жалпы шығарындылары

Базалық 1990 жылы ЖЖӨОШ секторын есепке алмағанда, Қазақстандағы ПГ-ның жиынтық шығарындылары 401871,42 мың т CO_2-экв, ал ЖЖӨОШ секторын ескере отырып, 386251,88 мың т CO_2-экв құрады. 2018 жылы ЖЖӨОШ секторын есепке алмағанда, жалпы ұлттық шығарындылар 396570,47 мың т CO_2-экв құрады және ЖЖӨОШ секторын ескере отырып, 401885,90 мың т CO_2-экв.(2.1-сурет, 2.1-кесте). Жалпы 1990 жылдан бастап 2018 жылға дейін барлық кезең ішінде ЖЖӨОШ секторында 1996 жылдан бастап 2007 жылға дейін барлық пулдарды есепке ала отырып жұтылу басым болды. Есепті 2017 жылы жалпы ұлттық шығарындылар базалық жылдан 6,49% - ға төмен және ЖЖӨОШ секторын есепке алмағанда 8,47% - ға төмен болды.



2.1-сурет – Жалпы ұлттық эмиссияға Қазақстан Республикасында 1990-2018 жж. ескере отырып, ЖЖӨОШ секторын есепке алғанда және ЖЖӨОШ есебінсіз парниктік газдардың жалпы ұлттық эмиссиясы

2.2 Қазақстан Республикасындағы секторлар және газдар бойынша парниктік газдар шығарындыларының үрдістері

Қазақстанда 1990 жылдан бастап 2018 жылға дейін барлық секторлар бойынша ПГ шығарындылары 2.1-кестеде және 2.2- суретте көрсетілген.

2.1-кесте - Қазақстан Республикасындағы секторлар бойынша 1990-2018 жылдардағы парниктік газдардың шығарындылары, мың т CO_2-эквиваленті

Жылдар	Жалпы ЖЖӨОШ есебінсіз	Жалпы ЖЖӨОШ есебімен	Энергетика	ӨӨПП	Ауыл шаруашылығы	ЖЖӨОШ	Қалдықтар
1990	401871.42	386251.88	333240.64	20055.581	43869.00	15619.55	4706.20
1991	388981.94	373937.68	322598.82	19098.036	42532.97	-15044.26	4752.11
1992	360142.31	345662.91	295549.28	16843.242	3199.99	-14479.4	4549.80
1993	22478.57	308532.91	263886.85	12745.678	41478.83	-13945.66	4367.22
1994	274206.46	262415.53	227737.22	8546.7533	33645.29	-11790.93	4277.20

1995	255808.65	246247.75	212792.33	9064.6325	29670.48	-9560.902	4281.21
1996	237527.36	236618.97	199943.54	7681.4023	25614.77	-908.39	4287.64
	230633.86	239063.66	192039.51	10360.736	23919.80	8429.802	4313.81
1998	228926.65	245540.59	190642.18	9452.8204	24574.45	16613.94	4257.19
1999	203735.18	232490.27	160545.1	11444.59	27473.38	28755.09	4272.11
2000	238979.34	279744.38	192988.12	12179.058	29522.90	40765.05	4289.26
2001	198340.6	236214.68	152112.54	12621.337	29275.09	37874.08	4331.63
2002	216042.5	250933.82	168466.59	13703.29	29545.02	34891.32	4327.60
2003	237980.28	270098.31	188262.07	15302.987	30044.32	32118.03	4370.90
2004	248963.98	272057.79	198444.89	15733.587	30326.79	23093.82	4458.70
2005	262116.25	276454	210378.69	16693.294	30540.30	14337.75	4503.97
2006	284307.53	289925.92	230886.55	17903.734	30870.52	5618.396	4646.72
2007	292204.62	289054.6	237503.69	18899.041	31026.59	-3150.022	4775.31
2008	295595.6	283458.35	241408.59	18599.65	30606.91	-12137.25	4980.45
2009	289196.42	271031.49	235980.14	17383.409	30511.14	-18164.93	5321.73
2010	320259.32	302537.44	265085.25	18742.137	30821.55	-17721.88	5610.38
2011	311437.82	295104.39	256358.36	19077.121	30225.28	-16333.43	5777.05
2012	317589.18	304292.8	262407.36	19022.784	30179.14	-13296.38	5979.90
2013	326985.99	314517.88	268738.4	21189.185	30879.31	-12468.11	6179.10
2014	351113.73	342777.88	292205.99	20555.888	31963.70	-8335.851	6388.15
2015	359580.68	354319.34	297861.27	22420.597	32819.72	-5261.346	6479.10
2016	360520.71	358090.15	297284.71	23016.776	33636.15	-2430.554	6583.07
2017	381931.52	382651.9	316946.08	23394.341	34937.02	720.3809	6654.07
2018	396570.47	401885.9	331185.68	22372.616	36223.39	5315.432	6788.78
1990 ж. қатысты 2018 ж. өзгеріс %	-1.32	4.05	0.62	11.55	-17.43	-134.03	44.25
2017 ж. қатысты 2018 ж. өзгеріс %	3.83	5.03	4.49	-4.37	3.68	637.86	2.02

2.1-кестенің деректерінен ЖЖӨОШ секторында 1990 жылдан 1996 жылға дейінгі кезеңде сіңіру, 2006 жылға дейін - эмиссиялар, 2007 жылдан кейін 2017 жылға дейін – сіңіру, 2017-2018 жылдары – эмиссиялар байқалды. Бұл жер пайдалану сипатының өзгеруіне байланысты болды, ол туралы 6-тарауда егжей-тегжейлі айтылған. Қалған секторлардағы эмиссиялар жылдар бойынша экономикалық жағдайға байланысты өзгерді (энергетикада, өнеркәсіптік процестерде және ауыл шаруашылығында). «Қалдықтар» секторында эмиссиялар негізінен халық санының өсуі есебінен өсті.



2.2 сурет - Қазақстанда 1990 жылдан бастап 2018 жылға дейін секторлар бойынша парниктік газдардың жалпы эмиссиялары

ПГ жалпы эмиссияларының динамикасы (2.2-сурет) негізінен энергетикалық қызметке байланысты. 2018 жылы өткен 2017 жылмен салыстырғанда жалпы ұлттық эмиссиялар энергетикалық қызметте 6% - ға, ӨӨПП және ауыл шаруашылығында 3%-ға, ал «Қалдықтар» секторында тиісінше 11% - ға және 1% - ға азайды.

2.3 Парниктік газдардың жиынтық шығарындыларының үрдістері

Базалық 1990 жылы ЖЖӨОШ секторын есепке алмағанда, Қазақстандағы ПГ жалпы ұлттық шығарындылары 401,871 млн.т CO_2-экв құрады, ал ЖЖӨОШ секторын ескере отырып - 386,252 млн.т CO_2-экв. Құрады (2.1-кесте). 2018 жылы эмиссиялар «Жыртылған жерлер» санаты есебінен жұтылу басым болатын базалық 1990 жылғы деңгейден 5,315 млн.т жоғары болды, онда эмиссиялар егістік алаңының ұлғаюына және жерді шоғырдан егістікке шығаруға байланысты базалық жыл деңгейінен әлдеқайда асып түсті. Осылайша, 2018 жылы парниктік газдар шығарындыларының деңгейі 1990 жылғы эмиссиялар деңгейінен 4,05% - ға жоғары болды.

2001 ж. ЖЖӨОШ есебінсіз ПГ жалпы жиынтық шығарындылары 1990-2018 жж. кезеңінде экономикалық құлдырау нәтижесінде өз минимумына жетті және 198340,6 мың т CO_2-экв құрады.

Графиктерде (2.5 және 2.6-сурет) есепті жылы «ӨӨПП» және «Қалдықтар» секторларындағы ПГ эмиссиялары базалық деңгейден жоғары екені көрініп тұр. Ал «Энергетика» және «Ауыл шаруашылығы» секторында 1990 жылғы деңгейдің эмиссиясына әлі жеткен жоқ.

3. 1990...2018 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕГІ «ЭНЕРГЕТИКА» СЕКТОРЫНДАҒЫ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

3.1 «Энергетика» секторындағы парниктік газдар шығарындыларын жалпы бағалау (1 ОФД секторы)

Қазақстан Республикасында «Энергетика» секторы парниктік газдар шығарындыларының негізгі көзі болып табылады. Елімізде ПГ шығарындыларының шамамен 80%-ы жыл сайын осы көзден шығады. КӨҮСТ 2006 ж. Басшылығына сәйкес «Энергетика» секторына мына санаттар кіреді: Энергетикалық өнеркәсіп (1.А.1 ОФД), Өңдеуші өнеркәсіп пен құрылыс (1.А.2 ОФД), Көлік (1.А.3 ОФД), Басқа секторлар (1.А.4 ОФД) , Басқа да қайнар көздер (1.А.5 ОФД) және Фугитивті шығарындылар (1.В ОФД).

2018 ж. «Энергетика» секторы бойынша жалпы парниктік газдардың жиынтық шығарындылары 312,425 млн. тонна CO_2-экв құрады, бұл 1990 жылға қарағанда 6%-ға төмен, ал 2017ж. деңгеймен салыстырғанда 4,4%-ға артық (3.1-кесте және 3.1-сурет).

«Энергетика» секторындағы ПГ шығарындыларының қайнар көзі - «Энергетикалық өнеркәсіп» болып табылады (3.2-сурет). Жыл сайын Қазақстанның энергетикалық өнеркәсібінен болған ПГ шығарындылары «Энергетика» секторындағы барлық ПГ шығарындыларының 40%-дан астамын құрайды, өйткені жылу және электрэнергия өндірісі үшін қатты отын пайдаланылады. **2018 ж. «Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы ПГ шығарындылары 125,236 млн. тонна құрады, бұл 1990 ж. деңгейінен 12 %-ға төмен және 2017 ж. деңгейден 5,7%-ға артық.**

«Энергетика» секторындағы «Өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс» санатындағы ПГ шығарындыларының 1990...2018 жж. өсу қарқыны байқалды. 2018 ж. өңдеу өнеркәсібінен ПГ шығарындыларының жиынтығы 12%-ды құраған. **2018 ж. «Өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс» санатындағы ПГ шығарындылары CO_2-экв 36,404 млн. тоннаны құрады,** бұл 1990 ж. деңгейінен 1,8 есе жоғары және 2017 ж. деңгейінен 2,5%-ға төмен.

Зерттеу кезеңінде «Энергетика» секторындағы «Көлік» санатының ПГ шығарындыларының үлесі 7 %-дан (1990ж.) 9%-ға (2018 ж.) дейін өскен. **2018 ж. «Көлік» санатындағы ПГ шығарындылары 26,127 млн. тонна CO_2–экв құрады.** 1990ж. салыстырғанда ПГ шығарындылары 18%-ға, 2017ж. қатысты – 7,3 %-ға өскені байқалады.

3.1 – кесте. Қазақстан Республикасында 1990…2018 жж. «Энергетика» секторындағы ПГ жиынтық шығарындылары (млн. т. CO_2 -эквивалент)

Көзі	1990	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997	1998	1999	2000
Энергетика, барлығы	**333,240**	**322,598**	**295,549**	**263,886**	**227,737**	**212,792**	**199,943**	**192,039**	**190,642**	**160,545**	**192,988**
Энергетика, соның ішінде отын жағу және көлік (секторлық тәсіл	**248,492**	**239,933**	**218,179**	**193,768**	**163,52**	**155,093**	**142,586**	**131,197**	**127,05**	**98,492**	**121,632**
Энергетикалық өнеркәсіп	*142,368*	*140,085*	*117,445*	*108,204*	*95,768*	*96,572*	*88,457*	*82,086*	*78,212*	*53,400*	*60,805*
Өңдеуші өнеркәсіп және құрылыс	19,636	19,350	33,556	27,031	18,376	16,651	14,700	15,736	14,736	20,602	22,674
Көлік	*22,315*	*19,246*	*15,663*	*12,710*	*10,548*	*8,946*	*7,798*	*7,266*	*6,741*	*6,702*	*9,525*
Басқа секторлар	55,239	55,338	50,055	44,357	37,389	31,51	30,212	24,633	17,689	7,919	9,106
Қалған секторлар	8,934	5,914	1,46	1,466	1,439	1,414	1,419	1,476	9,672	9,869	19,522
Фугитивті шығарындылар	**87,748**	**82,665**	**77,368**	**70,117**	**64,215**	**57,696**	**57,357**	**60,842**	**63,591**	**62,052**	**71,355**

3.1-кестесінің жалғасы

Көзі	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
Энергетика, барлығы	**152,112**	**168,466**	**188,262**	**198,444**	**210,378**	**230,886**	**237,503**	**241,408**	**235,980**	**265,085**
Энергетика, соның ішінде отын жағу және көлік (секторлық тәсіл	**115,697**	**133,077**	**149,109**	**158,432**	**171,324**	**189,807**	**195,35**	**196,591**	**193,673**	**219,232**
Энергетикалық өнеркәсіп	*63,296*	*67,701*	*76,408*	*87,896*	*92,263*	*99,443*	*94,847*	*89,713*	*96,061*	*103,753*
Өңдеуші өнеркәсіп және құрылыс	*25,062*	*26,704*	*28,002*	*25,768*	*29,222*	*30,121*	*32,344*	*29,738*	*28,971*	*30,052*
Көлік	*10,499*	*12,785*	*14,235*	*14,699*	*16,558*	*18,721*	*21,492*	*22,435*	*21,938*	*21,403*
Басқа секторлар	*10,042*	*11,902*	*14,418*	*13,181*	*12,302*	*15,321*	*19,754*	*16,032*	*14,157*	*15,475*
Қалған секторлар	*6,798*	*13,985*	*16,046*	*16,888*	*20,979*	*26,201*	*26,913*	*38,673*	*32,546*	*48,549*
Фугитивті шығарындылар	**36,414**	**35,388**	**39,151**	**40,012**	**39,053**	**41,078**	**42,152**	**44,817**	**42,305**	**45,852**

Көзі	2011	2012	2013	2014	2015	2017	2018
Энергетика, барлығы	**256,358**	**263,829**	**268,738**	**277,233**	**281,825**	**299,264**	**312,425**
Энергетика, соның ішінде отын жағу және көлік (секторлық тәсіл	**208,832**	**216,408**	**220,602**	**247,517**	**254,421**	**271,71**	**283,448**
Энергетикалық өнеркәсіп	*104,783*	*110,894*	*115,522*	*114,552*	*108,152*	*118,473*	*125,236*
Өңдеуші өнеркәсіп және құрылыс	*31,001*	*30,355*	*2 8,228*	*35,537*	*37,601*	*37,348*	*36,404*
Көлік	*22,041*	*26,093*	*22,987*	*25,562*	*21,746*	*24,338*	*26,127*
Басқа секторлар	*18,909*	*15,966*	*14,571*	*26,543*	*28,079*	*31,291*	*32,257*
Қалған секторлар	*32,098*	*33,100*	*39,294*	*45,323*	*58,843*	*60,26*	*63,424*
Фугитивті шығарындылар	**47,410**	**47,420**	**48,134**	**29,714**	**27,402**	**27,552**	**28,975**



3.1-сурет – Қазақстан Республикасында 1990…2018 жж. «Энергетика» секторындағы ПГ жиынтық шығарындыларының динамикасы (млн. тонна CO_2 -экв.)

3.2-сурет – «Энергетика» секторындағы ПГ шығарындылары көздерінің үлесі

«Энергетика» секторындағы «Басқа секторлар» санатындағы ПГ шығарындыларының үлесі зерттелу кезеңінде 16 %-дан (1990 ж.) 10 %-ға (2017 ж.) дейін төмендеу қарқыны байқалды. **«Басқа секторлар» санатындағы ПГ шығарындылары 2018 ж. 32,257 млн. тонна CO_2 –экв.** құрады, бұл 1990 ж. қарағанда 1,7 есе аз және 2017 ж. деңгейінен 3 %-ға артық.

«Энергетика» секторында зерттелу кезеңінде «Қалған секторлар» санатынан ПГ шығарындылары 3%-дан (1990 ж.) 10 %-ға (2017 ж.) дейін өсу қарқыны байқалды. **«Қалған секторлар» санатында ПГ шығарындылары 2018 ж. 63,424 млн. тонна CO_2–экв. құрады,** бұл 1990 ж. деңгейінен 7 есе артық және 2017 ж. деңгейінен 5,2%-ға жоғары.

«Энергетика» секторында «Фугитивті шығарындылар» санатындағы ПГ шығарындыларының үлесі зерттеу кезеңінде 26 %-дан (1990 ж.) 9 %-ға (2017 ж.) дейін төмендеу қарқыны байқалды. **«Фугитивті шығарындылар» санатындағы ПГ шығарындылары 2018 ж. 28,975 млн. т. CO_2–экв. құрады,** 1990 ж. қарағанда 3%-ға кем, ал 2017 ж. салыстырғанда 5 %-ға артық.

«Энергетика» секторында 1990...2018 жж. кезеңінің жеке бөлігіндегі ПГ шығарындылары 3.2-кестеде берілген. CO_2 шығарындылары барлық ПГ шығарындыларының 99 %-ын құрайды.

3.2-кесте – 1990…2018 жж. кезеңіндегі «Энергетика» секторында жеке газдар бөлігіндегі ПГ шығарындылары.

Жыл	Парниктік газдар, млн тонна						
	CO_2	CH_4	N_2O	NOx	CO	NMVOC	SO_2
1990	261,086	2,815	0,0059	0,654	1,084	0,125	1,043
1991	252,580	2,739	0,0052	0,606	1,045	0,118	1,028
1992	229,844	2,583	0,0037	0,597	0,896	0,105	0,903
1993	206,598	2,253	0,0032	0,536	0,763	0,090	0,809
1994	177,249	1,987	0,0027	0,452	0,608	0,072	0,638
1995	169,119	1,716	0,0025	0,425	0,561	0,066	0,625
1996	155,849	1,736	0,0023	0,389	0,546	0,064	0,564
1997	145,215	1,847	0,0021	0,365	0,433	0,052	0,506
1998	141,193	1,953	0,0021	0,342	0,434	0,051	0,480
1999	113,641	1,856	0,0017	0,261	0,319	0,037	0,358
2000	136,803	2,223	0,0020	0,302	0,441	0,050	0,407
2001	130,550	0,836	0,0022	0,314	0,279	0,034	0,401
2002	147,396	0,813	0,0024	0,336	0,326	0,039	0,452
2003	163,846	0,944	0,0027	0,371	0,396	0,047	0,483
2004	173,207	0,976	0,0027	0,399	0,324	0,040	0,478
2005	186,238	0,931	0,0028	0,428	0,371	0,045	0,537
2006	204,587	1,013	0,0032	0,461	0,307	0,039	0,581
2007	210,081	1,053	0,0036	0,470	0,473	0,056	0,572
2008	211,758	1,143	0,0035	0,454	0,575	0,066	0,556
2009	208,044	1,074	0,0036	0,456	0,638	0,072	0,566
2010	233,700	1,208	0,0039	0,499	0,721	0,081	0,594
2011	223,262	1,277	0,0039	0,495	0,587	0,067	0,640
2012	230,791	1,271	0,0043	0,506	0,740	0,082	0,652
2013	235,054	1,296	0,0043	0,521	0,645	0,073	0,624
2014	244,988	1,232	0,0048	0,564	1,026	0,112	0,677
2015	251,979	1,142	0,0044	0,559	1,143	0,123	0,667
2016	250,197	1,145	0,0044	0,563	0,972	0,106	0,637
2017	268,808	1,163	0,0046	0,599	1,025	0,112	0,661
2018	280,481	1,222	0,0047	0,621	0,949	0,101	0,669

3.2 «Энергетика» секторында CO_2 шығарындыларын базалық және секторлық тәсілдер бойынша бағалау (1.АС ОФД)

3.2.1 Базалық және секторлық тәсіл бойынша 1990…2018 жылдардағы CO_2 шығарындыларының динамикасы

"Энергетика" секторында ПГ шығарындылары есептік мәндерін бақылау мақсатында КӨҮСТ 2006ж. басшылығына сәйкес базалық және секторлық тәсілдер бойынша CO_2 шығарындыларына салыстырмалы бағалау жүргізілген. Базалық тәсіл елдегі отын түрлері бойынша CO_2 шығарындыларын бағалауды, секторлық тәсіл – отын шығындарын бағалауды қамтамасыз етеді.

Осы екі тәсілдер бойынша 1990...2018 жж. кезеңдегі CO_2 шығарындыларының пайыздық айырмашылығының динамикасы 3.3- суретте және 3.3-кестеде келтірілген.

3.3-сурет –1990…2018 жж. «Энергетика» секторындағы CO_2 шығарындыларының негізгі және секторлық тәсіл бойынша динамикасы, млн. тонна

Негізінен 1990...2018 жылдар арасында базалық тәсіл бойынша CO_2 шығарындыларын секторлық тәсіл есебінің өсуін көрсетеді, яғни ұлттық статистикадағы ОЭБ-да отын шығыны басым. Бұл бастапқы отын түрлерінің балансымен расталады (1-қосымша).

Соңғы жылдары екі тәсіл арасындағы алшақтық едәуір қысқарды. 2014 ж. мен 2018 ж. арасында қарама–қарсы тенденция байқалады: секторлық тәсіл бойынша CO_2 шығарындылары базалық тәсілден асып түседі. 2018 ж. екі тәсілдің айырмасы -3 %-ды құрады.

3.2.2 Базалық тәсіл мен секторлық тәсіл арасындағы CO_2 шығарындыларының есебі айырмасына ықпал ететін деректер

Әсіресе екі тәсілдің арасындағы CO_2 шығарындыларының үлкен алшақтығы 1991...1999 жылдарға келеді, онда ұлттық статистика ОЭБ-ты мынадай бірқатар себептер бойынша әлі қалыптастырған жоқ болатын: Кеңес Одағының ыдырауы, оған Қазақ ССР кіретін; Қазақстан Республикасының жаңа мемлекет болып қалыптасуы.

Осы кезеңде "Баланс өндіру және аса маңызды шикізаттың түрлерін бөлу» анықтамалығы қалыптасты, мұнда кейбір отын ресурстары түрлерінің экспорты мен импорты бейнеленді және «Қазақстан Республикасындағы отын қалдықтары, келіп түсуі мен шығыны туралы" бюллетені, мұнда экономикалық қызмет түрлері кесіндісінде отын-энергетикалық ресурстарды тек ішкі тұтыну бейнеленді.

3.3-кесте–1990…2018 жж. кезеңінде «Энергетика» секторындағы CO_2 шығарындыларының негізгі және секторлық тәсіл бойынша салыстырма бағасы

Тәсіл	1990	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997	1998	1999	2000	2001	2002	2003
Базалық, млн.т														
Секторлық, млн.,т														
Айырмашылық %														

3.3- кестенің жалғасы

Тәсіл															
Базалық, млн.т															
Секторлық, млн.,т															
Айырмашылық %															

Ескертпе: Секторлық тәсілге қарағанда CO_2 шығарындылары базалық тәсілде көп CO_2 шығарындыларының (+) - белгісімен айырмашылық мәндері осында; базалық тәсілге қарағанда секторлық тәсіл бойынша CO_2 шығарындылары белгісімен (-) көп.

ПГ шығарындыларының есебі үшін осы жинақтарда көптеген деректер болған жоқ мысалы, шикізатқа және жағуды қажет ектпейтін қажеттіліктерге жұмсалған отын бойынша деректер болмады.

1999 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ұлттық статистика ОЭБ-ны толық бағдарлама бойынша қалыптастыра бастады, онда республикадағы барлық ОЭР түрлері бақыланады. Сондықтан тәсілдердің айырмашылығы әлдеқайда аз болды.

Алайда, бірқатар себептер бойынша бұл айырмашылықты тағы нөлге дейін төмендету мүмкін емес. КӨҮСТ Басшылығында (2006) атап өтілгендей, отынның зор көлемдерін жүргізетін және экспорттайтын елдер үшін (осындай елге Қазақстан да жатады), қалдықты жабдықтау белгісіздігі елеулі және базалық тәсілге ықпал етуі мүмкін.

Ондай себептер мыналар:

1. Статистика комитетінің ақпараты бойынша пайдаланылған отын үшін Ұлттық статистика алдында есеп беретін кәсіпорындар мен ұйымдардың саны жылдар бойынша әрдайым бірдей емес.

Барлық кәсіпорындар пайдаланылған отын үшін әр түрлі себептерге байланысты ашық есеп бермейді.

2. Ұлттық статистиканың ОЭБ-ның кейбір деректерінің жылдық айырмашылығы өте әртүрлі. Бұл отынның жекелеген түрлерін өндіруге, экспорттауға және импорттауға қатысты.

Кейбір жылдары ұлттық статистиканың ОЭБ-да отынның бастапқы түрлерінің экспорты бойынша деректер ҚР Энергетика министрлігінің деректерімен және ҚР Мемлекеттік кіріс комитетінің Кедендік деректерімен сәйкес келмейді. Мысалы, ұлттық статистиканың ОЭБ-да табиғи газының экспорты ҚР Энергетика министрлігінің деректерінен қатты ерекшеленеді. Ұлттық статистика мұны табиғи газ экспортын есепке алудың басқа форматына ие екендігімен түсіндіреді. Олар Ресей газ өңдеу зауыттарына қайта өңдеуге кететін табиғи газдың барлық көлемін ескереді. Бірақ содан кейін қайта өңделген газдың бұл көлемі Қазақстанға қайтарылады және тағы да үшінші елдерге экспортталады. Осылайша, отынның қос есебі жүргізіледі.

3. Мұнай өндірудің автоматтандырылған есепке алуы болмауы және оны есептен шығарудың қазіргі заманғы нормативтерінің болмауына байланысты елімізде шикі мұнайдың есебі тиісті деңгейде емес. Энергетика министрлігінің мұнай өндіру мен өңдеудің көлемі туралы есептері кеден органдарының мұнай экспорты бойынша деректерінен ерекшеленеді. 2017 ж. 40-қа жуық мұнай өндіруші компаниялары шикі мұнайды өндіргенінен артық артып жөнелткен. Шығарып алынған мұнай көлемін төмендету және өндірілген отынның үлкен көлемін техникалық ысыраптарға балап есептен шығару. Кейбір жер қойнауын пайдаланушылардың техникалық ысыраптары жылдық өндіруден жоғары болды. Осындай жағдай сұйытылған газда да орын алады.

4. 2014 жылдан бастап секторлық тәсіл бойынша CO_2 шығарындылары базалық тәсілден асып кетті. Бірінші кезекте, бұл Ұлттық статистика Қазақстан кіретін еуроаймақ статистикасының талаптарына сәйкес ТЭБ форматын өзгерткенімен байланысты. Қатты отын бойынша деректер дезагрегирленген түрде (кокстелетін тас көмір, энергетикалық тас көмір, күлділігі жоғары тас көмір, өзге де тас көмір, көмір концентраты) ұсынылады. Алайда, қатты отын бойынша деректердің сапасы айтарлықтай төмендеді. Есеп беретін көмір компанияларының барлығы ұлттық статистика алдында әлі күнге дейін дұрыс есеп бермейді.

5. Ұлттық статистиканың ОЭБ-да 2009 жылдан бастап 1990-2008 жылдар аралығында берілген отынды тұтынудың басқа түрлері бойынша деректер жоқ. ПГ шығарындыларын түгендеудің есебін жақсарту үшін осы жылдары ұлттық статистикадан отынның басқа түрлерін тұтыну жөніндегі деректер бірнеше рет сұралды. Бірақ объективті себептер бойынша олар оларды бере алмайды.

6. «Өзге тұтыну» бабы бойынша ұлттық статистиканың ОЭБ деректерімен әсіресе үлкен проблемалар бар (2015 жылға дейін "кәсіпорындар мен ұйымдарға жіберілді" бабы). Бұл бапқа Ұлттық статистика ПГ шығарындыларының бірде-бір көзіне жатпайтын барлық отынды жатқызады. КӨҮСТ басшылығына сәйкес мұндай отын 1.A.5 "өзге көздер" санатына жатады. Осы бап бойынша қатты және газ тәрізді отынның көлемі өте маңызды және 1.A.5 санатында және тұтастай алғанда «Энергетика» секторында секторлық тәсіл бойынша да үлкен шығарындыларды береді.

3.3 1990 ... 2018 жж. «Энергетика» секторындағы көмірқышқыл газының шығарындыларын базалық тәсіл бойынша бағалау (1.АВ ЖПЕ)

3.3.1 1990...2018 жж. кезеңінде «Энергетика» секторындағы отынды тұтыну және CO_2 шығарындылары

«Энергетика» секторында базалық тәсіл бойынша отынды тұтынудың жалпы көлемі 2018 жылы 3627,507 ПДж құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 10,1% - ға артық және 2017 жылғы деңгейден 9,9% - ға артық (3.4-кесте, 3.4-сурет).

Кесте 3.4 - "Энергетика" секторында 1990...2018 жж. базалық тәсіл бойынша отынды тұтыну динамикасы

Жыл	Барлығы, ПДж	Отын түрлері бойынша, ПДж		
		Сұйық отын	Қатты отын	Газ тәрізді отын
1990	**3274,402**	926,780	1847,902	499,719
1991	**3230,290**	999,261	1794,115	436,913
1992	**3337,690**	938,066	1758,810	640,813
1993	**2873,138**	697,471	1679,113	496,553
1994	**2247,513**	566,717	1332,223	348,572
1995	**2225,181**	533,075	1258,261	433,843
1996	**1880,488**	493,503	1056,102	330,882
1997	**1789,848**	525,133	956,930	307,784
1998	**1644,625**	440,815	901,438	302,373
1999	**1464,949**	395,810	855,140	213,998
2000	**1597,561**	322,078	1003,175	272,308
2001	**1521,686**	337,452	973,459	210,774
2002	**1796,604**	389,187	997,723	409,694
2003	**1907,012**	308,607	1103,590	494,815
2004	**2201,168**	486,561	1174,439	540,168
2005	**2114,048**	357,325	1184,806	571,916
2006	**2656,850**	566,098	1245,087	845,664
2007	**2643,267**	566,491	1366,146	710,629
2008	**2804,744**	436,404	1473,574	894,765
2009	**2497,952**	417,842	1353,733	726,376
2010	**2807,126**	647,246	1455,721	704,159
2011	**2855,834**	516,805	1482,651	856,377
2012	**2827,163**	483,678	1591,869	751,615
2013	**2824,481**	544,375	1584,405	695,700
2014	**2895,001**	403,189	1639,919	851,893
2015	**2973,822**	494,830	1479,411	999,580
2016	**3102,705**	520,974	1495,956	1085,774
2017	**3300,066**	572,257	1633,935	1093,873
2018	**3627,507**	751,751	1727,127	1148,628



3.4 сурет – 1990...2018 жж. "Энергетика" секторында базалық тәсіл бойынша отынды тұтыну динамикасы, ПДж

2018 жылы "Энергетика" секторында базалық тәсіл бойынша сұйық, қатты және газ тәрізді отынның үлесі тиісінше 20 %, 48% және 32% құрады.

2018 жылы "Энергетика" секторында базалық тәсіл бойынша CO_2 шығарындылары 272,877 млн.тоннаны құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 1,8% - ға артық және 2017 жылғы деңгейден 10% - ға артық (3.5-кесте, 3.5-сурет).

3.5-кесте - 1990...2018 жылдардағы базалық тәсіл бойынша "Энергетика" секторындағы CO_2 шығарындылары, млн. Тонна

Жыл	**Барлығы CO_2, млн тонна**	**Отын түрлері бойынша CO_2 шығарындылары, млн тонна**					
		Сұйық отын	**Қатты отын**	**Газ тәрізді отын**	**Қатты отын**	**Газ тәрізді отын**	**Газ тәрізді отын**
1990	**267,942**	65,088	175,081	27,772			
1991	**266,642**	68,763	173,368	24,510			
1992	**271,502**	65,627	169,932	35,949			
1993	**239,004**	48,565	162,492	27,856			
1994	**188,505**	40,530	128,419	19,554			
1995	**184,122**	38,425	121,357	24,338			
1996	**155,915**	35,447	101,875	18,562			
1997	**147,455**	37,950	92,238	17,266			
1998	**135,597**	31,762	86,872	16,963			
1999	**121,279**	28,420	81,043	11,816			
2000	**131,626**	22,810	93,632	15,183			
2001	**127,143**	23,932	91,564	11,646			
2002	**144,430**	27,658	94,062	22,708			
2003	**152,194**	21,646	103,823	26,724			

2004	**173,993**	34,642	111,637	27,713
2005	**166,506**	25,007	111,464	30,033
2006	**202,324**	40,216	117,020	45,087
2007	**205,150**	39,854	127,548	37,747
2008	**215,380**	29,484	136,607	49,289
2009	**193,348**	27,935	126,897	38,517
2010	**220,271**	45,942	136,168	38,161
2011	**222,388**	36,389	139,322	46,976
2012	**224,032**	34,223	149,534	40,275
2013	**224,181**	38,307	148,590	37,284
2014	**228,039**	28,092	153,200	46,746
2015	**223,653**	30,828	137,789	55,036
2016	**231,738**	32,614	139,663	59,460
2017	**247,988**	35,772	152,267	59,948
2018	**272,877**	48,567	161,174	63,136

3.5 - сурет - 1990 ... 2018 жж. " Энергетика» секторында CO_2 шығарындыларының базалық тәсіл бойынша динамикасы, млн. тонна

«Энергетика» секторында сұйық отынды жағудан болған CO_2 шығарындылары 1990…2018 жж. кезеңінде базалық тәсіл бойынша сұйық отынды тұтыну динамикасына сәйкес, төмендеудің жалпы тенденциясын көрсетті. 2018 ж. сұйық отыннан болған CO_2 шығарындылары 48,567 млн. тоннаны құрды, бұл 1990 ж. деңгейден 25 % аз және 2017 ж. қатысты шығарындылар 35,8 %-ға өсті.

2017 жылға қарағанда CO_2 шығарындыларының өсуі шикі мұнай өндірудің өсуімен және мұнайдан алынған барлық өндірілетін шикі (мотор бензині, дизель отыны және басқалары) өндірудің өсуімен байланысты. ҚР Энергетика министрлігінің мәліметінше, 2018 жылы мұнай өндіру бойынша жылдық жоспар 20% - ға асыра орындалды және 77,5 млн тоннаны құрады, бұл 2017 жылдан 6,3% - ға артық. "Қазтрансойл" мұнай тасымалдау, экспорттау және импорттау жөніндегі оператордың деректері бойынша елдің мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізу 2018 жылы 9% - ға өсті.

Қатты отынды тұтыну динамикасына сәйкес 1990...2018 жылдар кезеңінде *қатты отынды жағудан CO_2 шығарындылары* төмендеудің жалпы үрдісін көрсетті. 2018 жылы қатты отыннан CO_2 шығарындылары 161,174 млн.тоннаны құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 7,9% - ға төмен. 2017 жылға қарағанда CO_2 шығарындыларының 5,8% - ға өсуі байқалды.

1990...2018 жылдар кезеңінде *газ тәрізді отынды жағудан CO_2 шығарындылары* газ тәрізді отынды тұтыну серпініне сәйкес өсудің жалпы үрдісін көрсетті, бұл елдегі экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында елді жалпыға ортақ газдандырудың мемлекеттік саясатына байланысты.

2018 ж. газ тәрізді отынды тұтынудан CO_2 шығарындылары 63,136 млн. тоннаны құрады, бұл 1990 ж. деңгейінен 2,3 есе көп және 2017 ж. деңгейінен 5,3% - ға көп.

«Энергетика» секторында CO_2 шығарындысында базалық тәсіл бойынша 1990...2018 жж. кезеңінде қатты отынның үлесі басым, бұл жылу және электр энергиясын өндіру үшін көмірді едәуір пайдалануды білдіреді (3.6-сурет). CO_2 шығарындыларындағы сұйық отын үлесінің тұрақты төмендеуі және газ тәрізді отын үлесінің артуы байқалады.



3.6 - сурет - 1990 ... 2018 жж. «Энергетика» секторындағы отын құрылымының динамикасы базалық тәсіл бойынша, %

Базалық 1990 жылға қатысты жыл сайынғы CO_2 шығарындыларының пайыздық арақатынасы 3.6-кестеде көрсетілген. 2018 жылы базалық тәсіл бойынша CO_2 шығарындылары 1990 жылы 101,8 %-ды құрады (сұйық отын - 74,6 %, қатты отын – 92,1 %, газ тәрізді отын - 227,3 %).

3.6 - кесте –CO_2 шығарындылары көлемінің базалық 1990 ж. қатынасы, %

Жыл	Барлығы, %	Сұйық отын, %	Қатты отын, %	Газ тәрізді отын, %
1990	**100,0**	**100,0**	**100,0**	**100,0**
1991	99,5	105,6	99,0	88,3
1992	101,3	100,8	97,1	129,4
1993	89,2	74,6	92,8	100,3
1994	70,4	62,3	73,3	70,4
1995	68,7	59,0	69,3	87,6
1996	58,2	54,5	58,2	66,8
1997	55,0	58,3	52,7	62,2
1998	50,6	48,8	49,6	61,1
1999	45,3	43,7	46,3	42,5
2000	49,1	35,0	53,5	54,7
2001	47,5	36,8	52,3	41,9
2002	53,9	42,5	53,7	81,8
2003	56,8	33,3	59,3	96,2
2004	64,9	53,2	63,8	99,8
2005	62,1	38,4	63,7	108,1
2006	75,5	61,8	66,8	162,3
2007	76,6	61,2	72,9	135,9
2008	80,4	45,3	78,0	177,5

2009	72,2	42,9	72,5	138,7
2010	82,2	70,6	77,8	137,4
2011	83,0	55,9	79,6	169,1
2012	83,6	52,6	85,4	145,0
2013	83,7	58,9	84,9	134,3
2014	85,1	43,2	87,5	168,3
2015	83,5	47,4	78,7	198,2
2016	86,5	50,1	79,8	214,1
2017	92,6	55,0	87,0	215,9
2018	101,8	74,6	92,1	227,3

3.3.2 Алып тасталған көміртек (1.AD ЖПЕ)

«Энергетика» секторында отынды жағудан көміртегінің жалпы құрамын түзету үшін КӨҮСТ басшылыққа алынатын қағидаттарға сәйкес базалық тәсіл бойынша шығарылған көміртектің есебі жүргізілді.

Алып тасталған көміртекті есептеу үшін бастапқы деректер ретінде ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің отын-энергетикалық теңгерімінің деректері қызмет етті, олар: химия, мұнай-химия және басқа да отын емес өнімдер үшін шикізат ретінде отын және отын емес қажеттіліктерге материал ретіндегі отын.

Энергетикалық емес мақсаттарда пайдаланылатын отын көлемі 3.7-кестеде көрсетілген. Алып тасталған көміртекті бағалау 1990 ж. және 2000...2018 ж. кезеңіне жүргізілді. 1991 ... 1999 ж. кезеңіне бағалау бастапқы деректердің болмауына байланысты жүргізілген жоқ.

КӨҮСТ (2006) басшылығына сәйкес алып тасталған көміртегі көлемі базалық тәсіл бойынша көміртегі нетто-эмиссиясының жалпы көлемінен шегерілді.

3.7-кесте – Энергетикалық емес мақсаттар үшін пайдаланылатын отын (базалық тәсіл, ПДж)

Жыл	Отын, ПДж										
	Бензин	Керосин	Дизельді отын	Отындық мазут	Сұйытылған мұнай газы	Битум	Майлау материалдары	Энергетикалық тас көмір	Лигнит	Кокс	Табиғи газ
1990	0,71	0,22	0,34	1,09	1,70	28,62	0,24	0,85	0,02	30,96	4,66
2000	0,83	0,17	1,74	0,95	0,05	2,06	0,16	13,40	0,00	16,97	1,65
2001	0,53	0,02	1,09	0,78	0,11	4,96	0,31	5,16	0,00	17,36	3,18
2002	0,47	0,35	0,85	1,34	0,06	8,04	0,81	5,33	0,21	15,65	4,90
2003	0,61	0,04	1,62	1,75	0,11	7,23	0,56	5,45	0,45	20,39	18,44
2004	0,70	0,02	1,88	1,53	0,07	7,94	0,49	5,62	0,45	10,70	46,16
2005	0,56	0,02	1,85	1,05	0,08	7,84	0,47	7,13	0,44	20,30	36,55
2006	2,03	0,04	3,83	0,51	0,05	8,07	0,52	7,34	0,00	22,56	49,96
2007	1,06	0,38	1,30	0,51	0,08	11,65	0,74	16,96	0,03	23,98	37,71
2008	0,18	0,19	2,16	0,90	0,59	11,49	0,25	30,42	0,05	22,97	16,18
2009	1,55	0,01	0,48	0,55	0,08	10,61	НД	17,64	0,04	18,38	39,80
2010	0,10	0,19	0,35	0,19	5,39	11,25	НД	17,03	0,03	23,91	29,93
2011	0,05	0,04	0,47	0,15	5,86	11,80	НД	9,79	0,06	27,11	19,01
2012	0,03	0,01	0,22	0,13	0,29	15,66	НД	10,26	0,45	27,19	33,70
2013	0,12	0,04	2,60	0,08	0,32	11,67	НД	10,02	0,17	29,58	31,11
2014	0,64	0,02	1,45	0,32	0,23	12,87	0,18	10,46	0,04	32,07	18,63
2015	0,04	0,03	0,22	0,25	0,12	9,45	0,14	11,28	0,35	30,21	18,55

2016	0,01	0,03	0,26	0,37	0,08	8,50	1,31	11,63	0,00	27,94	25,87
2017	0,03	0,08	0,28	0,44	0,03	12,90	0,14	13,66	0,08	33,05	25,27
2018	0,01	0,32	1,42	0,71	0,03	14,68	0,14	16,02	0,10	30,73	23,21

Ескертпе: авиациялық бензинді, реактивті қозғалтқыштарға арналған бензинді, мұнай дистилляттарын қоса алғанда, бензин; реактивті қозғалтқыштарға арналған керосинді қоса алғанда, керосин; тұрмыстық пеш отынын қоса алғанда, дизель отыны; тазартылған газдарды қоса алғанда, сұйытылған мұнай газы; күлдігі жоғары көмірді қоса алғанда, тас көмір, кокстелетін көмір, энергетикалық тас және өзге де көмір; ілеспе мұнай газын қоса алғанда, табиғи газ. НД - деректер жоқ.

3.3.3 Әдістемелік тәсілдер

Есептеу әдіснамасы

«Энергетика» секторындағы CO_2 шығарындыларын 1990...2018 ж. базалық тәсіл бойынша бағалау КӨҮСТ (2006) басшылығына сәйкес жүргізілді, мына формулаға (1) сай:

$$E = M * k_{тнз} * k_1 * k_2 * 44/12 \qquad (1)$$

мұндағы: E – CO_2 жылдық шығарындысы (тонна / жыл);

M – бір жылда нақты отын тұтыну (тонна / жыл);

$k_{тнз}$ – жылу шығарғыш нетто-мәні (Дж / тонна),

k_1 – отындағы көміртектің тотығу коэффициенті (жанып кеткен көміртегінің үлесі),

k_2 – көміртегі шығарындыларының коэффициенті (тонна С/Дж),

44/12 - көмірқышқыл газына көміртекті қайта есептеу коэффициенті.

CO_2 шығарындыларын есептеу үшін Ұлттық энергетикалық статистикаға және 2006 жылғы КӨҮСТ басшылығынан әдепкі бойынша шығарындылар коэффициенттеріне негізделген 1- деңгей әдісі қолданылды.

Қызмет туралы деректер әрбір кадастрлық жыл үшін әрбір отын түрін ел ішінде тұтынуды қамтиды:

- өндірілген бастапқы отын мөлшері;
- импортталған бастапқы және қайталама отын саны;
- экспортталған бастапқы және қайталама отын саны;
- кадастрлық жылдың басы мен соңына отын қорының өзгеруі;
- энергетикалық емес мақсаттарда пайдаланылған отын («шығарылған көміртегі»).

Қосарлы есепті жою үшін КӨҮСТ басшылығына сәйкес қайталама түрлерді өндіру жөніндегі деректер, отын пайдаланылмайды.

Бастапқы деректер

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің елдегі отынның барлық түрлерінің ресурстары жөніндегі деректері базалық тәсіл бойынша «Энергетика» секторындағы ПГ шығарындыларын есептеу үшін деректер көзі болып табылады.

1990 ж. елдегі отын ресурстары бойынша деректер көзі Қазақ ССР-не қатысты бөлігінде КСРО-ның отын балансы болды.

1991 ... 1998 жылдардағы отын ресурстарының деректер көзі Қазақстан Республикасының отын теңгерімінің болмауына байланысты ұлттық статистиканың әртүрлі анықтамалары мен бюллетеньдері болды, онда түгендеу жылына отын қалдықтарының өндірісі, экспорты, импорты және өзгеруі көрсетілген.

1999 ... 2018 жылдардағы отын ресурстарының негізгі көзі - Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансы (ОЭБ), оны жыл сайын ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті қалыптастырады. ОЭБ ақпараттық базасы әзірлеген және бекіткен № 1-ОЭБ (жылдық кезеңділік) статистикалық есептілік нысаны болып табылады, онда республикада ОЭР-ның барлық түрлері қадағаланады.

ОЭБ ресурстық бөлігінің деректерін бақылау үшін ҚР Энергетика министрлігінің, ҚР Кедендік кіріс комитетінің, қазбалы отын өндіру және отынды қайта өңдеу бойынша ҚР кәсіпорындарының деректері пайдаланылады.

ПГ шығарындыларын есептеу кезінде табиғи өлшем бірліктерінде (тонна, мың текше м, мың кВтс, мың Гкал) отынды тұтынудың бастапқы деректері пайдаланылды.

ПГ шығарындыларының коэффициенттері

«Энергетика» секторындағы CO_2 шығарындыларын базалық тәсіл бойынша есептеу үшін 1990...2018 жж. кезеңінде көміртегі эмиссиясы және КӨҮСТ 2006 басшылығы ұсынған әдепкі бойынша тотыққан көміртегі фракциясы төмен жылу шығарғыш нетто-мәнінің коэффициенттері пайдаланылды (3.8-кесте).

Бұған тұрмыстық пеш отынына арналған төмен жылу шығарғыш нетто-мәнінің коэффициенті кірмейді. Ақпарат көзі – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС - елдегі тұрмыстық пеш отынының негізгі өндірушісі. Кәсіпорынның тұрмыстық пеш отынының өндірілетін жылу шығарындылығы туралы хаты парниктік газдарды түгендеуді шолу бойынша сараптамалық команда үшін (Provisional main findings_ CR_2019_Kazakhstan) жауаптарда қоса берілген.

3.8-кесте – «Энергетика» секторындағы ПГ шығарындыларының коэффициенттері»

Отын	$k_{тнз}$		k_2		k_1	
	Жылулық нетто мәні	Көзі	Көміртегі эмиссиясының коэффициенті, тС/ТДж	Көзі	Тотыққан көміртек фракциясы	Көзі
Сұйық отын						
Шикі мұнай	42,3 ТДж/10^3 тонна	D	20,0	D	1	D
Газ конденсаты	44,2 ТДж/10^3 тонна	D	17,5	D	1	D
Авиация бензині	44,3 ТДж/10^3 тонна	D	19,1	D	1	D
Автомобиль бензині	44,3 ТДж/10^3 тонна	D	18,9	D	1	D
Жеңіл мұнай дистилляттары	44,3 ТДж/10^3 тонна	D	19,1	D	1	D
Реактивті қозғалтқыштарға арналған бензин	44,3 ТДж/10^3 тонна	D	19,1	D	1	D
Реактивті қозғалтқыштарға арналған керосин	44,1 ТДж/10^3 тонна	D	19,5	D	1	D
Техникалық мақсаттарға арналған керосин	43,8 ТДж/10^3 тонна	D	19,6	D	1	D
Дизель отыны	43,0 ТДж/10^3 тонна	D	20,2	D	1	D
Тұрмыстық пеш отыны	42,8 ТДж/10^3 тонна	PS	20,2	D	1	D
Отындық мазут	40,4 ТДж/10^3 тонна	D	21,1	D	1	D
Сұйытылған мұнай газы	47,3 ТДж/10^3 тонна	D	17,2	D	1	D
Битум	40,2 ТДж/10^3 тонна	D	22,0	D	1	D
Майлау материалы	40,2 ТДж/10^3 тонна	D	20,0	D	1	D
Мұнай коксы	32,5 ТДж/10^3 тонна	D	26,6	D	1	D
МӨЗ газ	35,64ТДж/ 10^6 куб. м	D	15,7	D	1	D
Газ тәрізді отын						

Табиғи газ	34,78 ТДж/ 10^6 куб. м	D	15,3	D	1	D
Ілеспе мұнай газы	34,78 ТДж /10^6 куб. м	D	15,3	D	1	D
Бензинсіз газ	34,78 ТДж/ 10^6 куб. м	D	15,3	D	1	D
Қатты отын						
Коксті көмір	28,2 ТДж/10^3 тонна	D	25,8	D	1	D
Көмір концентраты	28,2 ТДж/10^3 тонна	D	25,8	D	1	D
Энергетикалық тас көмір	18, 9 ТДж/10^3 тонна	D	26,2	D	1	D
Күлділігі жоғары тас көмір	18,9 ТДж/10^3 тонна	D	26,2	D	1	D
Өзге де тас көмір	18,9 ТДж/10^3 тонна	D	26,2	D	1	D
Лигнит	11,9 ТДж/10^3 тонна	D	27,6	D	1	D
Брикеттелген көмір	20,7 ТДж/10^3 тонна	D	26,6	D	1	D
Пеш және лигнит коксы	28,2 ТДж/10^3 тонна	D	29,2	D	1	D
Тас көмірден жасалған шайыр	28,0 ТДж/10^3 тонна	D	22,0	D	1	D
Отынның басқа түрлері						
Қатты биомасса, ағаш отын	15,6 ТДж/10^3 тонна	D	30,5	D	1	D

3.3.4 Белгісіздікті бағалау

Базалық тәсіл бойынша "Энергетика" секторында отынды жағу туралы деректердің негізгі көзі ҚР Ұлттық статистикалық деректері болып табылады, олар бақылау сапасының рәсімдеріне ұшырайды. 2006 ж. КӨҮСТ басшылығына сәйкес ұлттық деректер нақты деп танылады. Статистикалық жүйесі жақсы дамыған елдердегі қызмет туралы деректердегі белгісіздік нақты отын үшін ± 5% диапазонында ауытқиды. Қазақстанды жақсы деректер жинау жүйесі бар елдерге жатқызуға болады, сондықтан нақты отынды жағу жөніндегі қызмет туралы деректердегі жалпы белгісіздік 5% - ға қабылданды.

Отынды жағу кезінде CO_2 шығарындылары коэффициенттерінің белгісіздігі салыстырмалы түрде аз. «Энергетика» секторы үшін отынның барлық түрлері бойынша CO_2 коэффициенттері үшін белгісіздіктің жалпы мәні 1996 ж. КӨҮСТ басшылығына сәйкес 7 % болып қабылданды.

3.3.5 CO_2 шығарындыларын есептеу үшін СҚ/СБ рәсімі

КӨҮСТ ұсынымдарына сәйкес, ұлттық статистикалық деректерді есептеу кестелеріне қателеріне ауыстыру кезінде қателерді жою үшін Excel форматында ОЭБ нысаны әзірленді, онда деректер пайдаланылатын отынның әрбір түрі бойынша бірнеше кезеңмен тексеріледі.

Бірінші кезеңде есептеу кестелеріне бастапқы мәліметтер енгізілгенде, ОЭБ мәліметтерімен салыстырылатын, өндіру, импорт және жылдың басындағы қалдықтарды есепке алумен отынның (ресурсты бөлім) жалпы көлемінің жиынтығы автоматты түрде есептеледі. Екінші кезеңде бастапқы мәліметтерді енгізгенде, ол да ОЭБ мәліметтерімен салыстырылатын, экспорт, жылдың соңындағы қалдықтар және шығындарды есепке алып елдегі отынды тұтынудың (үлестіру бөлімі) жалпы көлемі автоматты түрде есептеледі. Үшінші кезеңде ресурсты және үлестіпуші бөлімдердің теңгерімділігі тексеріледі. Төртінші кезеңде экономикалық қызметтер түрлері бойынша түпкілікті тұтыну үлесі тексеріледі. Аталған шаралар бастапқы мәліметтерді енгізгенде қателерді табуға мүмкіндік береді.

3.3.6 Уақытша қатарларды қайта есептеу

«Энергетика» секторында базалық тәсіл бойынша 1990...2017 жж. уақытша қатарлар қайта есептелді.

Хатшылықтың сараптамалық тобының ескертулеріне (2019KAZQA371) байланысты CRF кестелері, 1.AB-санаты Reference Approach - Other Liquid fossil, "tar" позициясы. Бұрын бұл позицияға мұнай өнімдерін қайта өңдеу өнімі ретінде шайыр бойынша мәндер енгізілді. ҚР Статистика комитеті мамандарымен кеңескеннен кейін шайыр - тас көмірді айдау өнімі екені анықталды. Сондықтан 2014...2017 жж. шайырды пайдалану мен ПГ шығарындылары бойынша деректер сұйық отыннан қатты отынға ауыстырылды. 1.AB категориядағы CRF кестелерінде шайыр бойынша өзгерістер жүргізілген және түсінік берілді. Осы өзгерістерге сәйкес, 2014…2017 жж. сұйық және қатты отын бойынша 1.AB санаттағы CO_2 жиынтық шығарындылары шамалы өзгерді. Бұл деректерді ұлттық статистика тек 2014 жылдан бастап ұсынды. 1990-2013 жылдар аралығында мұндай деректер жоқ.

Хатшылықтың сараптамалық тобының ескертулеріне байланысты (Provisional main findings_ CR_2019_Kazakhstan, 1-кесте, E6), CRF кестелерінде 1.AB және 1 AD санаттардағы деректердің есептілігі мен ашықтығын жақсарту мақсатында шикі және газ конденсаты (natural gas liquid) бойынша тұтыну және ПГ шығарындылары жөніндегі деректер 1990...2017 жылдарға бөлінген. Осыған байланысты шикі мұнайды тұтыну және CO_2 шығарындылары бойынша уақытша қатарлар өзгерді және газ конденсатын тұтыну мен CO_2 шығарындылары бойынша уақытша қатарлар пайда болды. CRF кестелерінде, 1AB және 1AD санаттарында, осы өзгерістерге байланысты түсініктемелер берілді. Осы өзгерістерге сәйкес, 1990 ... 2017 жж. осы санаттардағы сұйық отын бойынша жиынтық шығарындылар шамалы өзгерді.

3.3.7 Жоспарланатын жақсартулар

Базалық тәсіл бойынша «Энергетика» секторындағы ПГ шығарындыларын түгендеуді жақсарту ұлттық статистиканың ОЭБ ресурстық бөлігінің бастапқы деректерін ҚР ірі кәсіпорындарынан қосымша ақпаратпен бақылау, ҚР Энергетика министрлігінің ақпаратын есепке алу, елде отынды тұтыну бойынша аналитикалық және анықтамалық материалдар есебінен жоспарланады. Сондай-ақ, базалық тәсіл бойынша «Энергетика» секторында ПГ шығарындыларын түгендеуді жақсарту парниктік газдарды түгендеуді шолу бойынша сараптамалық команданың барлық ескертулерін есепке алу есебінен жоспарланады.

Хатшылықтың сараптамалық тобының ескертулеріне байланысты (2019KAZQA330) Антрацит 1990…2018жж. Қазақстанда пайдаланылған жоқ. 1990 жылы мұнай-химия өнімдерін өндіруде шикізат ретінде пайдаланылған мардымсыз импорт (40 мың тонна) құрайды. Осыған сәйкес, бұл антрацит көлемі CRF кестесіне 1.AD санатқа енгізілген және оның ПГ шығарындыларының көлемі ескерілмеген. Осы түгендеуде CRF-да антрацит үшін "NO" мәні қойылып, түсініктемелер берілді. CRF-да алдыңғы түгендеулерде "Антрацит" позициясына CRF-да арнайы позицияның болмауына байланысты тас энергетикалық көмірдің мәні енгізілді.

Хатшылықтың сараптамалық тобының ескертулерінен кейін энергетикалық тас көмірге арналған арнайы позиция ашылды.

Хатшылықтың сараптамалық командасының ескертулеріне жауап ретінде (019KAZQA186), CRF кестелерінде 1ad feedstock ' s, reductants and non-energy use of fuels санатындағы отынның кейбір түрлері жоқ (оримульсия, тақтатас мұнайы, этан, мұнай, антрацит және басқалар), бірақ L11 бағанында (Reported under) бұл түрлер көрсетіледі. Жоғарыда көрсетілген отынның барлық түрлері Қазақстанда пайдаланылмайды, сондықтан "NO"кілті тұр. L11 бағаны (Reported under) қате толтырылды. CRF-де, 1AD санаты, L11 бағаны осы отын түрлерінің болмауына байланысты түзетілді.

Хатшылықтың сараптамалық командасының (2019KAZQA183, 2019KAZQA184) ішкі авиация, ішкі кеме қатынасы бойынша деректер 1.AB Reference Approach санатта болмауы туралы ескертулеріне жауап ретінде. Базалық тәсіл бойынша 1AB санатында КӨҮСТ басшылығына сәйкес елде отын ресурстары бойынша CO_2 шығарындылары түгендеу жылына (отынның

жекелеген түрлері) бағаланады. Отын шығыстары (авиация, кеме қатынасы) бойынша CO2 шығарындылары 1.A. 3 Transport санаттағы секторлық тәсіл бойынша бағаланады.

CRF-да 1 AB санатындағы қатты отын 1990...2014 жылдардағы энергетикалық тас көмір, күлділігі жоғары көмір, көмір концентраты және өзге де көмірдің кілттері өзгертілді. NA кілтінің орнына IE кілті қойылған, өйткені 1990... 2014 жылдар аралығындағы көмірдің осы түрлері бойынша деректерді ұлттық статистика суббитуминозды көмірде біріктірілген түрде берген. CRF-да бұл туралы пікірлер енгізілген.

Сараптамалық топтың ескертулеріне сәйкес "IE" басқа жерде енгізілген отын түрлері үшін 9 CRF кестесіне пікірлер енгізілген.

3.4 1990…2018 жж. секторлық тәсіл бойынша «Энергетика» секторындағы парниктік газдар шығарындылары (1.АА ЖПЕ)

«Энергетика» секторында секторлық тәсіл бойынша Қазақстанда стационарлық және мобильдік отынды жағудан болған экономикалық қызмет түрлері бойынша ПГ шығарындылары бағаланды.

КӨҮСТ 2006ж. Басшылығына сәйкес ПГ шығарындыларын (CO_2, CH_4, N_2O, NOx, CO, NMVOC және SO_2) бағалау ПГ шығарындылары көздерінің санаттары бойынша орындалды:

-1.A.1 ОФД – Энергетикалық өнеркәсіп,
- 1.A.2 ОФД – Өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс,
- 1.A.2 ОФД – Көлік,
- 1.A.4 ОФД – Басқа секторлар,
- 1.A.5 ОФД – Қалған көздер.

3.4.1 Энергетикалық өнеркәсіп (1.A.1 ОФД)

3.4.1.1 Шолу

«Энергетика» секторындағы негізгі көзі мұнайды айдау(1.A. 1b) және мұнай, газ және қатты отын өндірісін (1.A.1c), жылу және электр энергиясын өндіруді(1.A. 1a) қоса алғанда, «Энергетикалық өнеркәсіп» (1.A.1a) санаты болып табылады. Жыл сайын «Энергетика» секторындағы ПГ шығарындыларының шамамен жартысынан көбі жылу - және электрэнергия өндірісінен болған.

Қазіргі таңда Қазақстанда электр энергиясының өндірісін 76 электр станциясы жүзеге асырады, олардың белгіленген жиынтық қуаты 20 591,5 МВт. құрайды. 90% - дан астам әзірлеу ЖЭО есебінен қамтамасыз етіледі. ҚР Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2018 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 96,3 млрд кВт*с (2017 жылға+5,3%) құрады, жылу энергиясы 92,9 млрд Гкал (2017 жылға+4,9%) құрады. Негізінен электр энергиясын өндіру қатты отынды пайдаланатын жылу бу турбиналы электр станцияларында жүргізіледі, бұл ПГ едәуір көп шығарындыларына әкеледі.

Нақты отын тұтыну

«Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы негізгі тұтынушы - «Электр энергиясы мен жылу өндіру» 1 .A.1a кіші санатшасы (3.9 – кесте).

3.9 - кесте - 2018 ж. «Энергетикалық өнеркәсіп» санатында отынның нақтыланған тұтынылуы (секторлық тәсіл, ПДж)

Тұтынған отын, ПДж	**1.A.1**	1.A.1a	1.A.1b	1.A.1c
Шикі мұнай	**65,456**	-	38,841	26,615
Газ конденсаты	**14,465**	-	-	14,465
Техникалық мақсаттағы керосин	**0,008**	0,0002	-	0,008
Тұрмыстық пеш отыны	**0,402**	0,317	0,085	-
Отындық мазут	**12,999**	8,537	4,461	0,001
Сұйытылған мұнай газы	**0,434**	0,216	0,0007	0,218
Тазартылған газ, этилен және т.б.	**16,093**	0,0006	16,092	-

Энергетикалық тас көмір	**737,982**	737,270	0,019	0,692
Күллілігі жоғары тас көмір	**201,386**	201,385	-	-
Кокстал ған көмір	-	-	-	-
Лигнит	**4,951**	4,926	-	0,025
Қатты тас көмір	**52,096**	51,936	-	0,160
Табиғи газ	**225,725**	194,410	2,773	28,541
Ілеспе мұнай газы	**88,498**	31,185	0,907	56,406
Бензинсізделген газ	**59,991**	-	2,161	57,831

Ескертпе: 1. "– " Отын пайдаланылған жоқ.

2. Мобилді көздер (бензин, керосин және дизелді отын) пайдаланатын отынның қосарлы есебін болдырмау мақсатында «Көлік» (1.А.3) санатына жатқызылды.

2018 жылы «Энергетикалық өнеркәсіп» санатында отынды жалпы тұтыну 1482,952 ПДж құрады, бұл 1990 жылға қарағанда 10,6% – ға аз, 2017 жылға қарағанда 5,1% - ға көп (3.10-кесте). 1990 ... 2018 жылдар кезеңінде 1990...1999 жылдардағы отынды тұтынудың төмендеу үрдісі және 2000 жылдан бастап біртіндеп өсу байқалады, бұл елдегі экономикалық жағдайға сәйкес келеді.

3.10 –кесте – «Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы 1990…2018 жж. кезеңінде отын тұтыну (секторлық тәсіл)

Жыл	**Барлығы отын, ПДж**	**Отын түрлері бойынша, ПДж**		
		Сұйық отын	**Қатты отын**	**Газ тәрізді отын**
1990	**1659,194**	257,644	1068,975	291,735
1991	**1631,663**	263,575	1050,696	286,137
1992	**1351,465**	150,382	952,078	246,879
1993	**1239,205**	121,817	889,647	225,947
1994	**1106,173**	122,493	771,545	210,764
1995	**1118,610**	169,195	751,226	196,813
1996	**1031,970**	189,207	663,325	178,072
1997	**967,199**	213,443	586,218	166,045
1998	**923,111**	208,421	554,419	158,804
1999	**620,707**	58,691	430,309	131,370
2000	**707,430**	67,481	488,392	143,214
2001	**719,631**	60,650	535,986	113,918
2002	**789,186**	74,835	530,199	149,837
2003	**892,866**	82,309	590,563	167,801
2004	**1026,750**	110,721	680,975	191,763
2005	**1093,512**	116,787	670,404	213,335
2006	**1191,108**	124,467	735,406	297,900
2007	**1119,480**	100,239	736,057	251,465
2008	**1053,260**	107,714	685,719	201,613
2009	**1131,628**	100,971	763,990	266,655
2010	**1229,647**	112,006	815,318	302,322
2011	**1234,557**	97,519	839,675	297,359
2012	**1308,668**	102,206	881,859	324,601
2013	**1338,643**	144,255	940,417	253,968
2014	**1358,518**	96,545	909,909	351,653
2015	**1296,058**	114,643	832,303	348,772
2016	**1328,624**	115,443	863,163	349,598
2017	**1410,968**	120,605	928,322	361,558
2018	**1482,952**	112,236	996,414	374,214

Тікелей ПГ шығарындылары

2018 жылы «Энергетикалық өнеркәсіп» санатында ПГ жалпы шығарындылары 125,236 млн.тонна CO_2–экв құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 12% - ға төмен және 2017 жылғы деңгейден 5,7% - ға жоғары (3.11-кесте). Барлық ПГ шығарындыларының 99 % - дан астамын CO_2 шығарындылары құрайды, 2018 жылы осы санаттағы CO_2 шығарындылары 124,717 млн. тоннаны құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 12% - ға төмен және 2017 жылғы деңгейден 5,6% - ға көп.

3.11 -кесте – 1990...2018 жылдар кезеңінде «Энергетика өнеркәсібі» санатындағы отын типтері бөлінісіндегі ПГ шығарындылары динамикасы (секторлық тәсіл)

Жыл	Барлық ПГ шығарындылар CO_2-экв.	CO2 шығарындылары (млн тонна)			
		Барлығы	Сұйық отын	Қатты отын	Газ тәрізді отын
1990	**142,368**	141,771	19,381	103,108	16,366
1991	**140,085**	139,499	19,813	101,346	16,052
1992	**117,445**	116,944	11,307	91,631	13,850
1993	**108,204**	107,741	9,312	85,622	12,676
1994	**95,768**	95,362	9,273	74,165	11,824
1995	**96,572**	96,165	12,731	72,292	11,041
1996	**88,457**	88,087	14,159	63,837	9,990
1997	**82,086**	81,746	15,905	56,416	9,315
1998	**78,212**	77,889	15,518	53,355	8,909
1999	**53,400**	53,175	4,350	41,430	7,370
2000	**60,805**	60,547	4,983	46,919	8,034
2001	**63,296**	63,020	4,472	51,491	6,391
2002	**67,701**	67,415	5,557	50,936	8,406
2003	**76,408**	76,086	6,109	56,736	9,414
2004	**87,896**	87,525	8,104	65,489	10,758
2005	**92,263**	91,882	8,614	64,481	11,968
2006	**99,443**	99,039	9,161	70,722	16,712
2007	**94,847**	94,452	7,257	70,763	14,107
2008	**89,713**	89,336	7,834	65,923	11,310
2009	**96,061**	95,661	7,203	73,498	14,959
2010	**103,753**	103,322	7,921	78,442	16,960
2011	**104,783**	104,461	7,011	80,768	16,681
2012	**110,894**	110,434	7,469	84,755	18,210
2013	**115,522**	115,028	10,435	90,345	14,248
2014	**114,552**	114,078	6,934	87,416	19,728
2015	**108,152**	107,710	8,188	79,955	19,566
2016	**111,271**	110,815	8,260	82,941	19,612
2017	**118,473**	117,984	8,500	89,201	20,283
2018	**125,236**	124,717	7,796	95,748	20,993

1990...2018 жылдар кезеңінде *сұйық отынды жағудан CO_2 шығарындылары* төмендеудің жалпы үрдісін көрсетті. 2018 жылы сұйық отынды жағудан CO2 шығарындылары 7,976 млн. тоннаны құрады, бұл 1990 ж. деңгейден 2,4 есе аз және 2017ж. деңгейден 6,2 %-ға кем.

1990...2018 жылдар кезеңінде *қатты отынды жағудан CO_2 шығарындылары* төмендеудің жалпы үрдісін көрсетті. 2018 жылы қатты отынды жағудан CO_2 шығарындылары 95,748 млн.тоннаны құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 7,1% - ға төмен және 2017 жылғы деңгейден 7,3% - ға жоғары. 2017 жылға қарағанда 2018 жылы қатты отыннан ПГ шығарындыларының өсуі елдегі электр және жылу энергиясын өндірудің өсуімен байланысты.

Зерттелген кезеңде *газ тәрізді отынды жағудан CO_2 шығарындыларын*да өсудің жалпы үрдісі болды. 2018 жылы газ тәрізді отынды жағудан CO_2 шығарындылары 20,993 млн. тоннаны

құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 28 % - ға жоғары және 2017 жылғы деңгейден 3,5 % - ға жоғары.

Электр және жылу энергиясын өндіру үшін негізінен, Қазақстанда қатты отын қолданылады (3.7-сурет).



3.7-сурет – «Энергетика өнеркәсібі» санатындағы ПГ шығарындыларының құрылымының динамикасы (секторлық тәсіл)

Негізгі көздер бойынша «Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы CO_2 шығарындылары динамикасы 3.8-сурет және 3.12-кестеде көрсетілген.

3.8 -сурет – 1990…2018жж. «Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы негізгі көздер бойынша ПГ шығарындылары (секторлық тәсіл, млн. тонна)

2018 жылы «Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы ПГ шығарындылары былайша бөлінді: электр және жылу энергиясын өндіру - 87 %, мұнай айдау – 4 %, мұнай, газ және қатты отын өндіру - 9 %.

«Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы CH_4 шығарындылары 2018 жылы 1,71 мың тоннаны құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 1,3 есе аз және 2017 жылғы деңгейден 3% - ға артық.

«Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы N_2O шығарындылары 2018 жылы 1,60 мың тоннаны құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 12% - ға төмен және 2017 жылғы деңгейден 7% - ға жоғары.

Жанама ПГ шығарындылары

«Энергетикалық өнеркәсіп» санатында жанама ПГ үшін 1990...1999 жылдар кезеңінде шығарындылардың азаю үрдісі және 2000 жылдан бастап біртіндеп өсуі байқалады (3.13-кесте).

3.12-кесте - 1990…2018 жж. негізгі көздер бойынша «Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы тікелей ПГ шығарындылары (секторлық тәсіл)

ПГ	1990	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997	1998	1999	2000	2001	2002	2003
Барлығы, CO_2–экв. млн тонна	**142,368**	**140,085**	**117,445**	**108,204**	**95,768**	**96,572**	**88,457**	**82,086**	**78,212**	**53,4**	**60,805**	**63,296**	**67,701**	**76,408**
CO_2, млн тонна	***141,771***	***139,498***	***116,944***	***107,740***	***95,361***	***96,165***	***88,086***	***81,776***	***77,889***	***53,175***	***60,547***	***63,02***	***67,415***	***76,086***
a. Электр және жылу энергия өндірісі	112,392	110,107	108,041	101,018	87,281	85,261	75,029	65,951	62,340	44,809	53,557	57,403	58,418	64,342
b. Мұнай өндіру мен айыру	2,877	3,632	2,780	2,282	3,929	6,732	8,919	11,244	11,065	1,916	1,857	2,534	3,177	3,749
c. Қатты отынды өндіру және қайта өңдеу	26,500	25,758	6,122	4,439	4,150	4,170	4,137	4,551	4,483	6,449	5,133	3,082	5,818	7,994
CH_4, мың тонна	***2,27***	***2,22***	***1,66***	***1,49***	***1,35***	***1,44***	***1,40***	***1,40***	***1,33***	***0,74***	***0,85***	***0,86***	***1,00***	***1,16***
N_2O, мың тонна	***1,81***	***1,78***	***1,54***	***1,43***	***1,25***	***1,25***	***1,13***	***1,02***	***0,97***	***0,69***	***0,79***	***0,86***	***0,88***	***0,98***

3.12 – кестенің жалғасы

ПГ	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Барлығы, CO_2–экв. млн тонна	**87,896**	**92,263**	**99,443**	**94,847**	**89,713**	**96,061**	**103,753**	**104,783**	**110,894**	**115,522**	**114,552**	**108,152**	**111,271**	**118,473**	**125,236**
CO_2, млн тонна	**87,525**	**91,882**	**99,039**	**94,452**	**89,336**	**95,661**	**103,322**	**104,461**	**110,434**	**115,028**	**114,078**	**107,71**	**110,815**	**117,984**	**124,717**
a. Электр және жылу энергия өндірісі	72,234	70,614	75,925	77,864	74,268	81,463	86,837	89,356	95,916	95,702	99,406	92,319	93,368	102,296	109,111
b. Мұнай өндіру мен айыру	5,399	7,330	4,885	4,180	4,033	4,633	5,725	4,699	4,600	4,887	4,439	3,123	3,974	4,968	4,545
c. Қатты отынды өндіру және қайта өңдеу	9,892	13,937	18,229	12,408	11,034	9,565	10,759	10,405	9,918	14,439	10,233	12,267	13,472	10,720	11,061
CH_4, мың тонна	***1,33***	***1,52***	***1,50***	***1,40***	***1,38***	***1,34***	***1,46***	***1,43***	***1,51***	***1,63***	***1,55***	***1,52***	***1,55***	***1,66***	***1,71***
N_2O, мың тонна	***1,13***	***1,15***	***1,23***	***1,21***	***1,15***	***1,23***	***1,32***	***1,35***	***1,42***	***1,52***	***1,46***	***1,35***	***1,40***	***1,50***	***1,60***

3.13 - кесте – 1990…2018 жж. бойынша «Энергетикалық өнеркәсіп» санатындағы жанама ПГ шығарындылары (секторлық тәсіл)

Жылдар	ПГ, мың тонна			
	CO	NOx	NMVOC	SO_2
1990	32,68	423,94	8,29	711,54
1991	31,15	417,18	8,15	700,02
1992	26,27	353,16	6,76	537,79
1993	24,16	325,50	6,19	499,65
1994	21,50	287,85	5,53	410,83
1995	21,53	289,01	5,59	420,92
1996	19,69	263,82	5,16	372,66
1997	18,27	243,76	4,84	330,03
1998	17,41	232,14	4,62	312,09
1999	12,12	160,61	3,10	208,74
2000	13,77	183,15	3,54	223,64
2001	14,05	191,82	3,61	237,32
2002	15,24	203,37	3,94	259,47
2003	17,18	229,24	4,47	273,11
2004	19,76	263,86	5,14	302,80
2005	20,82	275,07	5,46	327,35
2006	23,03	296,86	5,96	332,59
2007	21,73	284,92	5,60	318,10
2008	20,23	269,13	5,27	308,32
2009	22,14	289,38	5,66	315,81
2010	24,03	312,34	6,15	327,89
2011	24,18	316,0	6,17	337,38
2012	25,65	333,62	6,54	368,29
2013	26,05	347,24	6,69	373,01
2014	26,68	345,03	6,79	357,59
2015	25,34	324,93	6,47	342,21
2016	25,99	334,47	6,63	351,54
2017	29,07	356,844	7,04	359,45
2018	29,09	377,51	7,41	384,60

2018 жылғы «Энергетикалық өнеркәсіп» санатында жанама ПГ шығарындылары:

CO	29,09 мың тонна (- 1990 жылғы деңгейден 11% және 2017 жылғы деңгейден 0%);
NOx	377,51 мың тонна (- 1990 жылғы деңгейден 11% және 2017 жылғы деңгейден 5,8%);
NMVOC	7,41 мың тонна (- 1990 жылғы деңгейден 10,6% және 2017 жылғы деңгейден 5,2%);
SO_2	384,60 мың тонна (бұл 1990 жылғы деңгейден 1,8 есе төмен және 2017 жылғы деңгейге + 7%).

***3.4.1.2* Әдіснамалық тәсілдер**

Есептеу әдіснамасы

1990…2018 жж. кезеңінде «Өңдеуші өнеркәсіп пен құрылыс» санатындағы ПГ тікелей шығарындыларын есептеу КӨҮСТ Басқарушы қағидаларына (2006) сәйкес жүргізілді. ПГ шығарындыларын есептеу үшін КӨҮСТ БҚ айқындалған үнсіз келісім бойынша шығарындылар коэффициенттері мен 1-деңгей тәсілі қолданылды (3.8-кесте). Бұған тұрмыстық пеш отынына арналған төмен жылу шығарғыш нетто-мәнінің коэффициенті кірмейді. Ақпарат көзі – «Атырау

мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-елдегі тұрмыстық пеш отынының негізгі өндірушісі. Кәсіпорынның зертханалық жолмен анықталған өндірілетін тұрмыстық пеш отынының жылу шығарғыштығы туралы хаты парниктік газдарды түгендеу шолуы бойынша сараптамалық команда үшін жауаптарда қоса берілген (Provisional main findings_ CR_2019_Kazakhstan).

Жанама ПГ шығарындыларының есебі (CO, NOx, NMVOC) 1996 ж. КӨҮСТ нұсқаулығына сәйкес жүргізілді. Осы ПГ коэффициенттері, сондай-ақ әдепкі бойынша қабылданған.

SO_2 шығарындыларының есебі КӨҮСТ (1996) басшылығына сәйкес есептелген коэффициенттермен 2-деңгейде жүргізілді. Есептеу отындағы күкірттің құрамы, күлдегі күкірттің құрамы бойынша деректер бар, сондай-ақ күкірт оксидтерінің шығарындыларын азайту үшін қолданылатын технологиялар бойынша ақпарат бар отын түрлері үшін жүргізілді.

«Энергетикалық өнеркәсіп» санатында отынның Қос есебін жою мақсатында ұялы көздермен пайдаланылатын бензин, керосин және дизель отыны «Көлік» санатына (1.А.3) жатқызылған.

Бастапқы деректер

«Энергетикалық өнеркәсіп» санатында ПГ шығарындыларын есептеу үшін Деректер көзі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің энергетика өнеркәсібіндегі және отын өндіру кезіндегі жағылған отын көлемі жөніндегі деректері болып табылады.

1990 ж. жағылған отынның осы көлемдерінің көзі Қазақ ССР қатысты бөлігінде КСРО-ның отын балансы болды.

Қазақстан Республикасының отын теңгерімінің жоқтығына байланысты 1991...1998 жылдардағы жағылған отын көлемінің осы көзі ұлттық статистиканың әртүрлі анықтамалары мен бюллетеньдері болды, онда Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну көрсетілген.

1999...2018 жылдардағы деректердің негізгі көзі - Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансы (ОЭБ), оны жыл сайын ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті қалыптастырады. ОЭБ ақпараттық базасы әзірленген және бекітілген № 1-ОЭБ (жылдық кезеңділік) статистикалық есептілік нысаны болып табылады, онда республикада ОЭР барлық түрлері қадағаланады.

ОЭБ шығыс бөлігінің деректерін бақылау үшін жазбаша сұрау арқылы алынған отынды тұтыну және өндірілген өнім саны бойынша ҚР ірі кәсіпорындарының деректері пайдаланылады.

ПГ шығарындыларын есептеу кезінде табиғи өлшем бірліктерінде (тонна, мың текше м, мың кВтс, мың Гкал) отынды тұтынудың бастапқы деректері пайдаланылды.

3.4.1.3 Белгісіздікті бағалау

«Энергетикалық өнеркәсіп» санатында ПГ шығарындыларын бағалау үшін қызмет туралы деректер ұлттық энергетикалық есептілікпен берілген. 2006 ж. КӨҮСТ басшылығына сәйкес ұлттық деректер жеткілікті түрде дәл деп танылады. Статистикалық жүйесі жақсы дамыған елдерде энергетикалық өнеркәсіпте отынды жағу жөніндегі статистикалық деректердің белгісіздігі 1% - дан кемді құрайды. Қазақстан Республикасын деректерді жинаудың осындай жүйесі бар елдерге жатқызуға болады, сондықтан отынды жағу жөніндегі қызмет туралы деректердегі жалпы белгісіздік 1% - ға қабылданды.

Биомассасы бойынша деректер қазбалы отын бойынша деректер сияқты анық емес, сондықтан биомассасы бойынша қызмет туралы деректердегі белгісіздік 30% деп қабылданды.

КӨҮСТ басшылығына сәйкес (2006 ж.) қазбалы отынды жағу кезінде CO_2 шығарындылары коэффициенттерінің белгісіздігі салыстырмалы түрде аз. «Энергетика» секторы көздерінің барлық санаттары үшін CO_2 коэффициенттерінің белгісіздігінің жалпы мәні 7% деп қабылданды.

CH_4 және әсіресе N_2O шығарындыларының коэффициенттері едәуір дәрежеде белгісіз болып табылады. Жоғары белгісіздікті тиісті өлшеулердің және кейіннен қорытудың болмауымен, өлшеулердегі белгісіздікпен немесе шығару процесін жеткіліксіз түсінумен түсіндіруге болады. Қазақстан үшін CH_4 және N_2O шығарындыларының коэффициенттері үшін белгісіздікті нақты бағалаудың болмауынан белгісіздік мәндері emep/CORINAIR (1999 ж.) басшылығынан әдепкі

бойынша пайдаланылды. Қазақстанның энергетикалық өнеркәсібі үшін CH_4 және N_2O үшін белгісіздікті бағалау 50%-ды құрайды.

3.4.1.4 СБ/СБ рәсімдері

Ұлттық статистикалық деректерді есептік кестеге көшіру кезінде қателерді жою үшін Excel форматында ОЭБ нысаны әзірленді, онда пайдаланылатын отынның әрбір түрі бойынша бірнеше кезеңдерде деректер тексеріледі.

Бірінші кезеңде есептеу кестелеріне бастапқы мәліметтер енгізілгенде, ОЭБ мәліметтерімен салыстырылатын, өндіру, импорт және жылдың басындағы қалдықтарды есепке алумен отынның (ресурсты бөлім) жалпы көлемінің жиынтығы автоматты түрде есептеледі. Екінші кезеңде бастапқы мәліметтерді енгізгенде, ол да ОЭБ мәліметтерімен салыстырылатын, экспорт, жылдың соңындағы қалдықтар және шығындарды есепке алып елдегі отынды тұтынудың (үлестіру бөлімі) жалпы көлемі автоматты түрде есептеледі. Үшінші кезеңде ресурсты және үлестіпуші бөлімдердің теңгерімділігі тексеріледі. Төртінші кезеңде экономикалық қызметтер түрлері бойынша түпкілікті тұтыну үлесі тексеріледі. Аталған шаралар бастапқы мәліметтерді енгізгенде қателерді табуға мүмкіндік береді.

Отынның қос есебін жою және деректерді бақылау үшін тұрақты негізде «Көлік» және «Ұшпа эмиссия» санаттарында, сондай-ақ «Өнеркәсіптік процестер және өнімдерді пайдалану» секторында ПГ шығарындыларын есептейтін мамандармен консультациялар жүргізіледі.

3.4.1.5 Қайта есептеулер

«Энергетика өнеркәсібі» санаты бойынша ПГ шығарындыларының уақытша қатарын қайта есептеу «Энергетика» секторында 1990...2017 жылдары жүргізілді.

Хатшылықтың сараптамалық тобының ескертулеріне байланысты (Provisional main findings_ CR_2019_Kazakhstan, 1-кесте, E6), 1.A.1 санаттағы CRF кестелерінде есептілік пен деректердің ашықтығын жақсарту мақсатында шикі және газ конденсаты (natural gas liquid) бойынша ПГ-ны тұтыну және шығару жөніндегі деректер 1990...2017 жж. бөлінген. Осыған сәйкес, шикі мұнай бойынша CO_2 шығарындыларының уақытша қатарын қайта есептеу жүргізілді. 1990 ... 2017 жж. ПГ шығарындыларының коэффициенттерімен газ конденсаты бойынша жеке уақытша қатар құрылды. Осыған байланысты, осы санаттардағы сұйық отын бойынша ПГ шығарындыларының жиынтық мәндері шамалы өзгерді.

***3.4.1.6* Жоспарланатын жақсартулар**

«Энергетикалық өнеркәсіп» санатында ПГ шығарындыларын түгендеуді жақсарту ұлттық статистиканың ОЭБ шығыс бөлігінің деректерін бақылау мақсатында ҚР Энергетика министрлігінің ақпаратын, елде отынды тұтыну бойынша талдамалық және анықтамалық материалдарды есепке алу есебінен жоспарланады. Осы санаттағы ПГ шығарындыларын бағалау есебінің ашықтығы мен жақсарту мақсатында мүмкіндігінше парниктік газдарды түгендеуді шолу бойынша сараптамалық топтың барлық ескертулерін ескеру жоспарлануда.

Хатшылықтың сараптамалық тобының ескертулеріне жауап ретінде (2019KAZQA380), CRF, 1.A. 1 санаты - отынның басқа түрлері. 2009...2017 жылдары CRF-да отынның басқа түрлері үшін кілт "IE" - дан "NA" - ға өзгертілді, себебі 2009 жылдан бастап ұлттық статистиканың ОЭБ-да отынның басқа түрлерін тұтыну жөніндегі деректер жоқ. Мұндай деректерді ұлттық статистика 1990...2008 жылдар кезеңінде ұсынды. 2009 жылдан бастап өнеркәсіптік өнім бойынша статистикалық жіктеуіште (ӨӨСЖ) кодтың болмауына байланысты ОЭБ-да деректер жоқ. Алайда, ТЭБ қалыптастыратын мамандардың айтуынша, отынның басқа түрлері отынның тиісті түрлерінде (сұйық, қатты, газ тәрізді) ескерілген. Осылайша, CO_2 шығарындылары және осы кезеңде отынның өзге де түрлерін тұтыну «Энергетика» секторында ескерілген. ПГ шығарындыларын түгендеудің есебін жақсарту үшін осы жылдары ұлттық статистикадан отынның басқа түрлерін тұтыну жөніндегі деректер бірнеше рет сұралды. Бірақ объективті себептер бойынша олар оларды бере алмайды.

***3.4.2 Өңдеу өнеркәсібі және құрылыс* (1.A.2 ЖПЕ)**

3.4.2.1 Шолу

«Өңдеу өнеркәсібі және құрылыс» санаты жеке және технологиялық қажеттіліктер үшін ҚР өнеркәсібінің барлық салаларында отынды жағудан ПГ шығарындыларын қамтиды: 1.A. 2a «Қара металлургия», 1.A. 2b «Түсті металлургия», 1.A. 2c «Химия өнеркәсібі», 1.A. 2d «Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі», 1.A. 2e «Тамақ өнеркәсібі» және 1.A. 2F «Металл емес минералдық өнімдер өндірісі», 1.A. 2g «Өнеркәсіптің барлық басқа салалары» («тау-кен өнеркәсібі», «тоқыма және тері өндірісі», «көлік құралдары мен жабдықтар өндірісі», «машиналар мен механизмдер», «орман материалдары», «құрылыс», «көрсетілмеген салалар»).

Отынды нақты тұтыну

2018 жылы «Өңдеу өнеркәсібі және құрылыс» санатындағы отынды егжей - тегжейлі тұтыну және 1990...2018 жылдардағы отынды тұтыну динамикасы 3.14, 3.14 а-3.15 кестелерінде берілген.

3.14-кесте - 2018 жылы «Өңдеу өнеркәсібі және құрылыс» санатындағы отынды егжей - тегжейлі тұтыну (секторлық тәсіл, ПДж)

Отын	**1.A.2**	1.A.2a	1.A.2b	1.A.2c	1.A.2d	1.A.2e	1.A.2f	1.A.2g
Шикі мұнай	**0,012**	-	-	-	-	-	-	0,012
Техникалық мақсаттарға арналған керосин	**0,118**	0,022	0,052	0,012	-	0,013	0,0005	0,019
Тұрмыстық пеш отыны	**0,874**	0,004	-	-	-	0,173	0,114	0,583
Отындық мазут	**26,665**	13,996	10,028	0,239	0,096	1,424	0,177	0,705
Сұйытылған мұнай газы	**5,917**	3,916	0,008	0,058	0,099	0,399	0,806	0,631
Битум	**2,022**	-	0,0006	0,0004	-	-	0,952	1,069
Майлайтын май	**0,205**	0,028	0,044	-	-	0,002	0,004	0,127
Энергетикалық тас көмір	**85,073**	0,050	55,017	0,183	0,011	0,759	11,492	17,561
Күлділігі жоғары тас көмір	**13,409**	2,801	0,258	0,005	0,002	0,138	9,381	0,824
Кокстелетін көмір	**164,522**	161,602	1,693	0,012	-	0,012	1,123	0,080
Өзге де тас көмір	**58,718**	18,074	13,623	0,006	0,018	19	6,887	1,110
Лигнит	**1,120**	-	0,012	0,008	-	0,220	0,538	0,342
Кокс газы	**26,426**	26,129	-	-	-	-	-	0,297
Табиғи газ	**32,401**	0,983	-	5,443	0,648	7,173	3,796	14,358
Ілеспе мұнай газы	**24,560**	13,613	-	4,254	-	0,578	1,181	4,934

Ескерту: 1. "- "отын пайдаланылған жоқ.

2. Қосарлы есепті жою мақсатында мобильді көздермен пайдаланылатын отын (бензин, керосин және дизель отыны) "Көлік" санатына жатқызылған (1.A.3).

3. Қосарлы есепке алуды жою мақсатында қара және түсті металлургияда Кокс пен көмір концентратын тұтыну "өнеркәсіптік үдерістер және өнімдерді пайдалану"мсекторына жатқызылды.

3.15- кесте – 2018 жылы «Өнеркәсіптің барлық басқа салалары» 1.A. 2G санатшадағы отынды егжей-тегжейлі тұтыну (секторлық тәсіл, ПДж)

Отын	1.A.2g	Тау-кен өндіру өнеркәсібі	Тоқыма және тері өндірісі	Көлік мен жабдықтар өндірісі	Орман және материалдары	Машиналар мен механизмдер	Құрылыс	Көрсетілмеген салалар
Газ конденсатын қоса алғанда, мұнай	**0,012**	-	-	-	-	-	0,012	-
Техникалық мақсаттарға арналған керосин	**0,019**	0,016	0,000009	0,001	-	0,0004	0,0004	0,001
Тұрмыстық пеш отыны	**0,583**	0,142	-	-	-	0,005	0,432	0,004
Отындық мазут	**0,705**	0,190	-	-	-	0,288	0,188	0,039
Сұйытылған мұнай газы	**0,631**	0,143	0,020	0,012	0,009	0,053	0,331	0,063
Битум	**1,069**	0,082	-	-	-	0,000008	0,987	-
Майлайтын май	**0,127**	0,045	0,002	0,0008	-	0,035	0,034	0,010
Энергетикалық тас көмір	**17,561**	15,697	0,045	-	0,014	0,858	0,444	0,503
Күлділігі жоғары тас көмір	**0,824**	0,219	0,008	0,034	0,005	0,063	0,171	0,324
Кокстелетін көмір	**0,080**	0,029	-	-	-	0,016	0,035	0,00001
Өзге де тас көмір	**1,110**	0,380	0,012	0,038	0,005	0,118	0,309	0,248
Лигнит	**0,342**	0,255	-	-	-	0,009	0,014	0,064
Кокс газы	**0,297**	-	-	-	-	0,297	-	-
Табиғи газ	**14,358**	9,887	0,324	0,245	0,006	0,844	2,594	0,458
Ілеспе мұнай газы	**4,934**	4,002	0,014	-	0,001	0,096	0,749	0,072

3.16- кесте - 1990 ... 2018 жылдардағы «Өңдеу өнеркәсібі және құрылыс» санатындағы отынды тұтыну (секторлық тәсіл)

Жыл	Барлығы, ПДж	Отын тұтыну, ПДж		
		Сұйық отын	Қатты отын	Газ тәрізді отын
1990	**247,096**	67,025	114,244	62,604
1991	**243,113**	66,576	114,864	61,152
1992	**410,944**	120,299	188,821	98,678
1993	**329,426**	100,458	153,283	73,229
1994	**222,020**	63,727	109,311	47,141
Жылдар	1990	1995	2000	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008
Шекемтастар өндірісі	8871,1	7211,5	6640,0	7308,0	8849,0	9447,0	7494,0	8473,0	8572,0	6952,0
Шекемтастар өндірісінен CO_2 шығарындылары	266,1	216,3	199,2	219,2	265,4	283,4	224,8	254,1	257,1	208,5

4.17-кестенің жалғасы

Жылдар	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Шекемтастар өндірісі	6182,4	8150,0	7803,2	7360,4	6919,7	6250,5	3283,6	3387,0	3488,5	3837,3
Шекемтастар өндірісінен CO_2 шығарындылары	185,4	244,5	234,0	220,8	207,5	187,5	98,5	101,6	104,6	115,12

4.17-кестеде көрсетілгендей, 2018 жылы осы кіші санаттың ПГ шығарындылары 115,12 мың тонна CO_2 экв құрады және бұл 1990 жылғы ПГ шығарындыларының 43,3% - ын құрайды, барлық уақытша қатарда 56,7% - ға төмендеу байқалады. Бұл 2018 жылы шекемтастарды өндіру көлемінің аз ғана өсуінен туындаған.

4.4.1.3 Уақытша қатарлардың белгісіздігі мен бірізділігін бағалау

Электр доғалы пештерде болатты балқытуда электродтарды қолданудан CO_2 шығарындыларының коэффициенті әдепкі бойынша қабылданған және 5% құрайды. Электрлі болатты өндіру кезінде электродтарды пайдаланудан CO_2 шығарындылары осы категориядағы басқа көздерден шығарындылар аз мөлшерден аз екенін атап өту керек.

Осының салдарынан электродтарды пайдаланудан CO_2 шығарындыларын бағалаудың белгісіздік шамасы іс жүзінде CO_2 шығарындыларын бағалаудың жалпы белгісіздік шамасына әсер етпейді, ол 10% құрайды. Шойын өндіру кезінде метан шығарындылары коэффициентінің белгісіздігі 20% тең деп қабылданды. Қызмет туралы мәліметтердің белгісіздігін ескере отырып (5% деңгейінде), шойын өндіру кезінде метан шығарындыларын бағалаудың жалпы белгісіздігі 20,6% құрайды.

Шойынды өндіруге кокстың үлестік шығынының уақытша қатарын қарап, осы көрсеткіштің 1990 жылдан 2004 жылға дейін жеткілікті тұрақтылығы туралы атап өтіп, кейіннен келесі жылдары ұлғаюды атап өтеміз. Бұдан басқа, өнімнің жалпы өндірісі әлемдік нарықтағы сұранысқа және елдегі жалпы экономикалық жағдайға сәйкес өзгерді. Мұндай динамика өндірістің құлдырауымен түсіндіріледі (1991 жылдан 1998 жылға дейін), домна пешінде жоғары температураны ұстап тұру үшін кокстың жоғары шығынымен қоса, өнім өндірусіз домна пештерін жұмыс жағдайында ұстап тұруға тура келді. Шойын өндірісі көлемінің артуымен және саланың жаңа жағдайларда жұмысқа бейімделуімен кокстың меншікті шығыны біртіндеп өзгерді.

Шойын өндіру кезіндегі CO_2 шығарындыларының жалпы коэффициенті шойын өндіру көлемдері CO_2 шығарындыларының қатынасына тең, 1990 жылы 1,48-ден бастап, кейіннен 2018 жылы 1,9-ға дейін ұлғаюмен өзгертті. Бұл көрсеткіштің біртектес еместігі біріншіден, пайдаланылатын кокс пен шойынды көміртегі құрамының өзгеруіне, сондай-ақ 1999 жылға дейін кәсіпорында металдың Мартен өндірісі болуына байланысты. Салыстыру үшін бұл көрсеткіштің әдепкі мәні (4.1-кесте 4.2.2.3-б. 3-т., КӨҮСТ басқарушы принциптері, 2006 ж.) 1 т. өндірілген *шойынға 1,35 т. CO_2 құрайды.*

4.4.1.4 БҚ/СБ рәсімдері

Шойын мен болатты өндіру кезінде CO_2 шығарындыларын есептеуге жалпы және егжей-тегжейлі БҚ/СБ рәсімдері қолданылды. Сапаны бақылаудың егжей-тегжейлі рәсімдерінің ішінде жасалды:

• қызмет туралы деректердің уақытша қатарын талдау (шойын мен болат өндірісінің көлемі), CO_2 шығарындылары коэффициенттерінің жылдық өзгерістерін бағалау және осы өзгерістердің себептерін анықтау;

• CO_2 шығарындыларының ұлттық коэффициенттерін мгэик коэффициенттерімен әдепкі бойынша салыстыру және олардың арасындағы айырмашылыққа алып келген ұлттық шарттардың ерекшелігін анықтау;

• шойын мен болат өндіру кезінде әртүрлі әдістемелерді қолдану арқылы есептелген CO_2 шығарындыларын салыстыру;

• «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ұсынған шойын мен болат өндірісі туралы деректерді есеп беру кезеңінде салыстыру;

• «АрселорМиттал Теміртау» АҚ кәсіпорнындағы өндірістік үдерістер кезіндегі кокс балансын талдау.

4.4.1.5 Қайта есептеулер мен жетілдірулер

«Шойын мен болат өндірісі (2.C.1 ЖПЕ санаты)» жалпы санатында «Болат өндірісі (2C.1a ЖПЕ санаты)» санатына, сондай-ақ «Агломераттар өндірісі (2C. 1.d ЖПЕ санаты)» санатына қатысты қайта есептеулер болды.

4.18-кесте - 2017ж. және 2018 ж. «Болат өндірісі (2C.1a ЖПЕ санаты)» санатында түгендеу нәтижелері бойынша CO_2 жиынтық шығарындыларының салыстырмалы деректері

Жылдар	CO_2 шығарындылары мың тонна		Айырмашылық, %
	CRF 2017 ж.	CRF 2018 ж.	
1990	940,986	494,058	47,5 % -ға төмендеу
2017	648,875	233,789	64,0 %-ға төмендеу
2018	-	191,321	0

Бұл қайта есептеулердің қорытындылары 2017 жылғы түгендеумен салыстырғанда 2018 жылы «Болат өндірісі» санатынан ПГ-ның жиынтық шығарындыларын 64,0% - ға айтарлықтай азайтуға алып келді, базалық 1990 жылы ПГ шығарындылары да 47,5% - ға төмендеді. Салыстыру нәтижелері төменде 4.18-кестеде көрсетілген.

«Агломераттар өндірісі» санаты үшін сурет тікелей қарама-қарсы көрінеді, яғни агломераттар өндірісінен CO_2 эмиссиясы 2018 жылғы түгендеу нәтижелері бойынша 2017 жылғы түгендеумен салыстырғанда базалық 1990 жылда екі еседен астам өсті, ал CO_2 шығарындылары 2017 жылы 71,5% - ға өсті, 4.19-кесте.

4.19-кесте – 2017ж. және 2018 ж. «Агломераттар өндірісі (2C. 1.d ЖПЕ санаты)» санатында түгендеу нәтижелері бойынша CO_2 жиынтық шығарындыларының салыстырмалы деректер

Жылдар	CO_2 шығарындылары мың тонна		Айырмашылық, %
	CRF 2017 ж.	CRF 2018ж.	
1990	1564,16	3309,736	2,1 есе өскен
2017	867,02	1487,086	71,5 %-ға өскен
2018	-	1270,143	0

Сонымен, ұсыныстарға сәйкес (I.27 - I.35 I.27 - 2.C.1 Iron and steel production – CO2 (I.11, 2017) (I.17, 2016)Transparency; I.28 - 2.C.1 Iron and steel production – CO2 and CH4 (I.13, 2017) (I.19,

2016)Accuracy; I.29 - 2.C.1 Iron and steel production – CO2(I.41, 2017)Transparency; I.30- 2.C.1 Iron and steel production – CO2(I.42, 2017)Transparency; I.31- 2.C.1 Iron and steel production –CO2(I.43, 2017)Accuracy; I.32 - 2.C.1 Iron and steel production – CO2(I.44, 2017)Transparency; I/33 - 2.C.1 Iron and steel production – CO2(I.45, 2017)Accuracy;i.34 - 2.C.1 Iron and steel production – CO2(I.46, 2017)Accuracy; I/35 -2.C.1 Iron and steel production –CO2(I.47, 2017)Transparency) ҰКБ (Ревью 2019ж.) жыл сайынғы шолу қорытындысы бойынша «Шойын мен болат өндірісі» санатында мынадай жетілдірулер болды:

- шойынды өндіру санаты бөлімінде 2006ж. КӨҮСТ БҚ-да CH_4 шығарындыларын есептеу әдістемесінің болмауынан CH_4 шығарындылары алынып тасталғаны туралы сипаттама толықтырылды, сондықтан CRF 2C.1.B кестелерінде CH_4 жолында «NE» белгісі көрсетілген, бұл бағаланбайды дегенді білдіреді. Кокс өндірісінен ПГ шығарындыларын есепке алу «Энергетика» (1.A.1.b.) секторында жүргізіледі, сондықтан CRF 2.C.1.f кестелерінде «IE» белгісі көрсетілген.

- 4.4.1.3-бөлімде өнімнің жалпы өндірісі әлемдік нарықтардағы сұранысқа және елдегі жалпы экономикалық жағдайға сәйкес өзгеруінен туындаған IIF CO_2 шығарындылары мәндерінің жыларалық өзгерістері жөнінде түсінік берілді. Соның салдарынан домна пештерін шойын өндірісінің аз көлемі кезінде жұмыс жағдайында ұстап тұруға тура келді, бұл домна пешінде жоғары температураны ұстап тұру үшін кокстың жоғары шығынымен сүйемелденді. Шойын өндірісі көлемінің артуымен және саланың жаңа жағдайларда жұмысқа бейімделуімен кокстың меншікті шығыны біртіндеп өзгерді.

- «Болат өндірісі (2С.1а ЖПЕ санаты)» санаты және «Агломераттар өндірісі (2С.1.d ЖПЕ санаты)» санаты бойынша барлық уақытша қатарды қайта есептеу жүргізілді. Осы қайта есептеулердің қорытындылары 2017 жылғы түгендеумен салыстырғанда 2018 жылы «Болат өндірісі» санатынан ПГ-ның жиынтық шығарындыларын 64,0% - ға айтарлықтай азайтуға алып келді, базалық 1990 жылы ПГ шығарындылары да 47,5% - ға төмендеді, 4.18-кесте.

- «Агломераттар өндірісі» санаты үшін сурет тікелей қарама-қарсы көрінеді, яғни агломераттар өндірісінен CO_2 эмиссиясы 2018 жылғы түгендеу нәтижелері бойынша 2017 жылғы түгендеумен салыстырғанда базалық 1990 жылда екі еседен астам өсті, ал CO_2 шығарындылары 2017 жылы 71,5% - ға өсті, 4.19-кесте.

4.4.1.6 Жоспарлы жақсартулар

Бұл санатта жақсартулар жоспарланған жоқ.

4.4.2 Ферроқорытпа өндірісі (2 кіші санат. С. 2 ЖПЕ)

4.4.2.1 Санаттың сипаттамасы

Бірегей ресурстық базасы бар және Қазақстан Республикасындағы үлес шығындарының ең төмен деңгейі бар хром рудасы мен ферроқорытпаларын әлемдік ірі өндірушілердің бірі «Қазхром ТҰК» АҚ болып табылады, ол хром қорытпаларын өндіру және жеткізу көлемі бойынша әлемде 2-ші орынды және хром рудасының сапасы бойынша бірінші орынды алады.

Компанияның ферроқорытпа өнімі құрамында негізгі орынды жоғары сапалы жоғары көміртекті феррохром алады. Компания сондай-ақ кремний және марганец қорытпаларын және тазартылған феррохромды өндіреді. 2018 жылы «Қазхром» компаниясы 5,6 млн. тонна хром кенін өндірді. Сондай-ақ, ферроқорытпа өндірісі артты: 2018 жылы көлемі 1,7 млн. тоннаны құрады, өткен жылмен салыстырғанда (1,6 млн тонна) 7,1% - ға өскен.

Феррохромды қолданудың негізгі тәсілі тот баспайтын болат өндірісі болып табылады. «Қазхром ТҰК» АҚ жылдық есебінің деректері бойынша сарапшылар Қытайдың, Үндістанның және басқа да дамушы елдердің қалалануы мен экономикалық дамуы салдарынан тот баспайтын болатқа сұраныстың артуын болжайды. Тот баспайтын болатқа сұраныс 2030 жылдың соңына дейін жылына 3,6% - ға өседі деп күтілуде, бұл феррохром мен хром кеніне сұраныстың артуына әкеледі. Жетекші әлемдік консалтингтік компаниялардың бірінің деректері бойынша орта мерзімді перспективада хром рудасы ұсынысының өсуі шектеулі болады және 2020 жылға қарай ұсыныс тапшылығының туындауы күтілуде, бұл хром рудасы мен феррохромға бағаның өсу факторынан болады.

«Қазхром ТҰК» АҚ-ның феррохром сатылымнан түскен түсімнің жалпы көлемі 2018 жылы 750 млрд теңгені құрады (бір жыл бұрын - 702 млрд теңге). Негізгі сатып алушылар Қытай (42%), Жапония (25%), Еуропа (16%), Оңтүстік Корея (7%) және АҚШ (6%) болды [4].

4.4.2.2 Әдістемелік тәсілдер

Бұл бөлімде көміртегі диоксидінің (CO_2) және метанның (CH_4) шығарындыларын бағалау әдістері қарастырылған. Қазақстандағы ферроқорытпалардың негізгі өндірушісі «Қазхром Трансұлттық компаниясы» АҚ болып табылады, оған Ақтөбе зауыты мен Ақсу ферроқорытпа зауыты кіреді.

Кәсіпорынның негізгі өнімі - феррохром, ферросилиций, ферросиликохром және ферросиликомарганец болып табылады. Ферроқорытпаларды өндіру кезінде CO_2 шығарындыларын бағалауда белгісіздікті қысқарту мақсатында осы қадастрда ферроқорытпаларды өндіру туралы деректер, ҚР ҰЭМ Статистика комитеті және «Қазхром» АҚ деректері 2-деңгейдің әдісін қолдана отырып пайдаланылды.

4.20- кесте – 1990-2018жж.ферроқорытпалардан ПР шығарындылары және өндіріс көлемі.

Жылдар	Жалпы өндіріс көлемі, мың т	Жалпы CO_2 шығарындылары, мың т.	CO_2 экв.-да CH_4, мың т.	CO_2+CH_4 шығарындылары мың тонна CO_2 экв.
1990	1162,1	1949,2	15,35	1964,64
1991	1198,2	2094,2	13,15	2107,45
1992	1071,8	2021,01	10,39	2031,40
1993	908,5	1954,9	7,62	1959,53
1994	649,4	1306,7	4,002	1310,75
1995	809,1	1635,8	5,01	1640,90
1996	606,6	1049,03	1,93	1050,97
1997	843,4	1943,6	2,04	1945,72
1998	726,3	1293,7	1,37	1295,10
1999	999,6	1748,2	2,09	1750,3
2000	1092,0	1961,05	1,98	1963,03
2001	1130,05	1979,62	2,16	1981,78
2002	1235,4	2177,1	1,88	2179,05
2003	1401,1	2588,06	1,87	2589,94
2004	1447,3	2784,5	1,51	2786,08
2005	1530,1	3181,6	1,53	3183,23
2006	1614,3	3380,2	1,26	3381,47
2007	1702,8	3381,6	0,88	3382,53
2008	1590,5	3160,9	0,81	3161,80
2009	1468,7	2518,7	0,52	2519,32
2010	1702,0	2864,6	0,10	2864,76
2011	1669,0	2696,4	0,05	2696,52
2012	1724,1	3103,4	0,03	3103,51
2013	1706,9	3034,9	0,03	3034,97
2014	1715,1	2971,1	0,02	2971,20
2015	1741,9	3240,5	1,32	3241,83
2016	1826,3	4007,3	1,00	4008,38
2017	1934,7	3278,9	0,77	3279,73
2018	2088,1	3642,07	0,79	3642,86

CO_2 шығарындыларын есептеу үшін Қазхром АҚ деректері үшін қалпына келтіргіштің 3,3 т CO_2/тоннасына тең қалпына келтіргіш эмиссиясының коэффициенті пайдаланылды, кәсіпорын мен ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері арасындағы өндіріс көлемі туралы мәндердегі айырмашылық «Өзгелер» деп есептелді және олар үшін CO_2 шығарындылар коэффициенті әдепкі бойынша КӨҮСТ БҚ, 2006 ж. 4.3.2.2-бөлім 3-том, 4.5-кестеден пайдаланылды.

Қазақстанда ферроқорытпалар өндірісінің көлемі бойынша деректер және олардан ПГ шығарындылары төменде 4.20-кестеде көрсетілген. Осы кадастрда, сондай-ақ ферроқорытпалардан CH_4 шығарындылары есептелді, атап айтқанда, КӨҮСТ БҚ 2006ж. сәйкес метан шығарындыларын есептеу ферросилиций өндірісінен жүруде. Метан үшін шығарындылар коэффициенті әдепкі бойынша өндірілген өнімнің бір тоннасына 1,0 кг CO_2/ тең.

1990-2018 жж. кезеңінде ферроқорытпа өндірісінен CO_2 және CH_4 шығарындыларының мәндері келтірілген 4.20-кестедегі деректерді талдау ферроқорытпа өндіру санатынан ПГ жиынтық шығарындылары 2018 жылы CO_2 экв-да 3642,86 мың тоннаны құрағанын көрсетті. 2017 жылға қарағанда біз ПГ шығарындыларының 11,0% - ға өсуін байқаймыз, ал 1990 жылға қарағанда эмиссиялардың өсуі 185,4%-ды құрады. Сонымен, 2018 жылы ферроқорытпа өндірісі санатынан парниктік газдардың жиынтық шығарындылары 1990 жылға қарағанда 2,8 есе өсті. 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы ферроқорытпалардың өнеркәсіптік өндірісінің жалпы 7,9% - ға өсуі осы санаттағы парниктік газдар эмиссиясының 11,0% - ға өсуіне әкелді.

4.4.2.3 Уақытша қатарлардың белгісіздігі мен бірізділігін бағалау

Осы санаттағы түгендеу нәтижелерінің белгісіздігін негіздейтін негізгі факторлар ферроқорытпалар өндірісі туралы деректердің және пайдаланылған қалпына келтіргіштің, қож құраушы материалдар мен қалдықтардың массасы туралы деректердің, сондай-ақ олардағы көміртегі құрамының белгісіздігі; ферроқорытпалар өндірілетін барлық кәсіпорындардан алынған деректерді пайдаланумен негізделген болып табылады.

2-деңгей әдісі пайдаланылғандықтан, ферроқорытпа өндірісі туралы деректер өндіруші кәсіпорыннан алынған қызмет туралы деректердің белгісіздігі 10% - дан кем деп қабылданды. Пайдаланылған қалпына келтіргіштің, қож құраушы материалдар мен қалдықтардың массасы, сондай-ақ олардағы көміртегі құрамы туралы мәліметтердің белгісіздігін 5% деңгейінде бағалауға болады. Саланың барлық кәсіпорындары үшін CO_2 шығарындыларының орташа өлшенген коэффициентін бағалау үшін ферроқорытпалардың 88-ден 96% - ға дейін өндіретін кәсіпорындарда өндіріс туралы деректерді пайдалануды 5% деңгейінде бағалауға болады. Осылайша, CO_2 шығарындыларының белгісіздігін бағалау 7,1% құрайды.

4.4.2.4 БҚ/СБ рәсімдері

Ферроқорытпаларды өндіру кезінде CO_2 шығарындыларын есептеу кезінде жалпы және егжей-тегжейлі БҚ/СБ рәсімдері қолданылды. «Қазхром» Трансұлттық компаниясы» АҚ мен ҚР Статистика бойынша бақылаудың егжей-тегжейлі рәсімдерінің қатарында.

4.4.2.5 Қайта есептеулер мен жетілдірулер

Бұл санатта қайта есептеулер жүргізілген жоқ. Ұсыныстарға сәйкес (I.6 - 2. General (IPPU) – CO2(I.26, 2017)Transparency; I.35 - 2.C.2 Ferroalloys production – CO2(I.14, 2017) (I.5, 2016) (53, 2013)Transparency;I.36 -2.C.2 Ferroalloys production – CO2(I.48, 2017)Transparency) ҰКБ (Ревью 2019ж.) жыл сайынғы шолу қорытындылары бойынша «Ферроқорытпаларды өндіру» санатында келесі жақсартулар жүргізілді: 1) 2016 жылы ферроқорытпаларды өндіру көлемі бойынша деректер нақтыланды және түзетілді; 2) осы кадастрдың 4.4.2-бөлімінде 2006 жылғы КӨҮСТ басшылық қағидаттарының 4.5-кестесі (EF 1,6 т CO2 / т ферроқорытпалардың әдепкі бойынша) EF үшін КӨҮСТ 2006 нұсқаулығының 4.6-кестесіне дұрыс жасалмаған сілтеме қатесі түзетілді; 3) төменде 4.21-кестеде ферроқорытпалардың типі бойынша бөле отырып, өндіріс көлемдерінің мәндері келтірілген.

4.21- кесте–1990-2018жж. ферроқорытпалардың типі бойынша бөлінген өндіріс көлемі, мың тонна

	Феррохром өндірісі	Ферросиликомарганец өндірісі	Ферросилиция өндірісі	Ферросиликохром өндірісі	Өзге ферроқорытпалар
1990	307,879	0	614,065	129,784	110,372
1991	299,133	0	526,142	60,554	312,371
1992	285,922	0	415,783	46,255	323,8398
1993	274,02	0	304,815	29,751	299,914
1994	263,086	44,9	160,097	21,489	159,828
1995	394,467	21,8	200,688	17,014	175,131

1996	292,435	60,1	77,533	54,332	122,201
1997	475,3	56,2	81,607	27,634	202,659
1998	410,705	57,6	55,071	26,453	176,471
1999	552,344	74,195	83,951	39,408	249,702
2000	601,003	98,076	79,233	44,807	268,881
2001	604,262	130,192	86,554	46,728	262,314
2002	660,543	145,89	75,237	65,422	288,308
2003	739,641	160,428	75,17	67,844	358,017
2004	814,928	137,078	60,62	91,108	343,566
2005	694,025	155,41	61,342	84,885	534,438
2006	896,105	202,874	50,473	103	361,848
2007	1001,018	159,79	35,29	126,24	380,462
2008	924,247	147,047	32,449	117,905	368,871
2009	929,095	164,548	21,067	51,676	302,4079
2010	1060,114	184,193	4,034	137,749	315,91
2011	1045,07	180,219	2,1137	124,717	316,8799
2012	1008,717	180,18	1,4811	142,409	391,312
2013	1028,88	171,835	1,4174	141,21	363,589
2014	1085,849	178,739	1,0358	136,24	313,273
2015	1129,848	130,979	53,1402	64,068	363,884
2016	1309,6	83,7	40,061	80,2	312,778
2017	1409,204	76,6	30,829	95,5	322,641
2018	1526,6095	74,8	31,6145	95,5	360,114

4.4.2.6 Жоспарлы жақсартулар

Бұл санатта жақсартулар жоспарланбайды.

4.4.3 Алюминий өндірісі (2С.3 ЖПЕ кіші санаты)

4.4.3.1 Санаттың сиапттамасы

Бұл бөлімде бастапқы алюминий өндірісінің процестерінен шығатын шығарындылар қарастырылады. «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ (ҚЭЗ) — Қазақстан Алюминий компаниясы. Қазақстанда алюминийдің жалғыз өндірушісі Павлодар қаласында орналасқан. «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ ERG кәсіпорындарының тобына, әлемде көлемі бойынша сатылатын глиноземнің тоғызыншы ірі жеткізушісі болып табылатын глинозем және алюминий өндірісі жөніндегі бөлімшеге кіреді (дереккөз: CRU, 2008 ж.).

Бұл бөлімше екі жеке кәсіпорыннан тұрады: Павлодар алюминий зауыты (ПАЗ) және Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ) және оған екі боксит кеніші, әктас кеніші, ЖЭО, глинозем зауыты және электролиз зауыты кіреді.

Естеріңізге сала кетейік, 2007 жылдың соңына қарай бірінші кезекті іске қосу жылында Қазақстан электролиз зауыты бастапқы 11 мың тонна алюминий шығарды. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өндірістің екінші кезегін іске қосты, бұл кәсіпорынды 250 мың тонна жобалық қуаттылыққа шығарды.

Зауыт өкілдерінің хабарлауынша, 2018 жылы 258,4 мың тонна бастапқы алюминий өндірілді. Бұл кәсіпорын жұмысының тарихында рекордтық көрсеткіш.

Бүкіл әлемде алғашқы алюминий Эру – Холл тәсілі бойынша криолитоглинозем балқымасынан сазбалшық электролиттік ыдыраумен өндіріледі. Алюминий өнеркәсібінде әртүрлі құрылымдар мен қуаттардың электролизерлері пайдаланылады. Алдыңғы қатарлы әлемдік фирмалардың жетістіктеріне және соңғы жылдардағы практикалық тәжірибеге негізделген бастапқы алюминий өндірісінің ең заманауи технологиясына алдын ала күйдірілген анодтары бар электролизерлердегі криолитоглинозем балқымасында газдарды жоюдың тиімділігі жоғары жүйелерімен, орталық жүктемемен және глиноземді нүктелік қоректендірумен (PFPB) жабдықталған алюминий оксидінің электролиттік ыдырау технологиясы жатады, бұл технология Қазақстан Республикасында алюминий өндіру кезінде қолданылады.

Алюминий өндірісі кезіндегі ең елеулі шығарындылар жүреді: көміртегі диоксиді (CO_2) металл алюминий тотығы бар көміртегі анодының реакциясы нәтижесінде көміртегі диоксиді

(CO_2) және перфторкөміртектер (ПФК) – CF_4 және C_2F_6 анод әсерлері нәтижесінде CF_4 және C_2F_6 шығарындылары. Аз мөлшерде өндірістік процестерден CO, SO_2 және ҰОЕҚ шығарындылары орын алады. SF_6 электролиттік процесте бөлінбейді және алюминийді өндіру процесінде өте сирек қолданылады - тек SF_6 аз мөлшерде магний құрамы жоғары алюминий қорытпаларын флюстеу кезінде бөлінеді. Жоғарыда атап өтілгендей, Қазақстан Республикасында электролиз өндірісінің бірінші кешені «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ 2007 жылдың желтоқсанында қолданысқа енгізілді, сондықтан алюминий өндірісінен алынған деректер 2007-2018 жылдар кезеңінде беріледі. 4.22-кестеде алюминий өндірісінің көлемдерінің мәндері, сондай-ақ 2007-2018 жылдар кезеңінде алюминий өндіру кезінде CO_2, CF_4 және C_2F_6 (ПФК) шығарындылары келтірілген.

4.22-кесте - 2007-2018 жылдар кезеңінде алюминий өндірісінен ПГ шығарындылары, мың тонна

Жылдар	2007	2008	2009	2010	2012	2014	2015	2016	2017	2018
2.С.3 Алюминий өндірісі	11,74	106,23	127,14	227,30	248,94	209,51	221,59	235,56	254,99	258,41
Алюминий өндірісінен CO_2 шығарындылары	24,23	204,28	242,37	432,80	467,43	387,79	408,56	436,26	470,89	479,89
Ұшатын шайыр заттарды жағудан CO_2 шығарындылары	25,66	216,3	256,66	458,33	494,99	410,66	432,66	461,99	498,66	508,19
Күйдіру пешін тиеу материалынан CO_2 шығарындылары	16,99	143,24	169,94	303,47	327,75	271,91	286,48	305,902	330,18	336,49
Алюминий өндіру кезінде CO_2 эквивалентіндегі CF_4 және C_2F_6 шығарындылары	29,49	266,68	319,16	570,63	624,49	525,97	556,28	591,35	640,12	648,73
Барлығы CO_2 экв шығарындылары	96,38	830,53	988,15	1765,24	1914,67	1596,34	1683,99	1795,52	1939,86	1973,31

Күйдірілген анодтарды өндіру кезінде пайдаланылатын қазбалы отынды жағудан шығарылатын шығарындылар Энергетика секторында қаралады. Ұсыныстарға сәйкес (I. 39-2.С. 3 Aluminium production – CO_2(I.50, 2017)Completeness) «Алюминий өндірісі» санатында ҰКБ (Ревью 2019ж.) жыл сайынғы шолу қорытындысы бойынша біз анодты күйдіру пешімен байланысты CO_2 шығарындыларының тағы екі басқа көзін есептейміз – күйдіру кезінде бөлінген ұшпа заттарды жағу және пешті тиеу материалдарын (кокс) жағу. Мұндай шығарындыларды есептеу үшін КӨҮСТ БҚ, 2006ж. 4.4.2-бөлім 3-томдағы 4.22 және 4.23-теңдеулер пайдаланды.

ПФК

Электролиз процесінде глинозем (Al_2O_3) фторидті балқытуда ериді, ол шамамен 80% криолиттен (Na_3AlF_6) тұрады. Перфторкөміртектер (ПФК терминінің астында CF_4 және C_2F_6 заттары түсіндіріледі) «анод әсері» ретінде белгілі процестің технологиялық параметрлері бұзылған кезде криолит балқымасы бар анод көміртегінің реакциясында пайда болады.

ПГ шығарындыларын осы түгендеуде ПФК эмиссияларын есептеу үшін бұрыштық коэффициент әдісі қолданылды. Бұрыштық коэффициент ванна-тәулікке анод әсерінің минутына бөлінген алюминий өнімінің тоннасына кг CF_4 санына тең. «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ-дан ақпарат сұрату деректері бойынша ҚР үшін 1,98 тең анод әсері минутының орташа шамасы шығарылған ванна-тәулікке анодтық әсер минуттарының мәні алынды. ПФК шығарындылары алюминий өнімінің тоннасына қатысты өлшенетіндіктен, онда теңдеу ваннаға ток күшінің әсерін және токтың пайдалы әсер ету коэффициентін қамтиды – бұл ваннада өндірілетін алюминий мөлшерін анықтайтын екі негізгі фактор. Бұл CF_4 және C_2F_6 шығарындылары үшін бұрыштық коэффициентімен әдісті сипаттайтын КӨҮСТ БҚ 2006ж. 4.26-теңдеуі пайдаланылды. ПФК шығарындыларын есептеу үшін бұрыштық коэффициенттердің мәндері КӨҮСТ БҚ 2006ж. 3-том,

4.59-бет, 4.4.2.3-бөлімде 4.16-кестеден пайдаланылды және сәйкесінше CF_4 (0,143) және C_2F_6 (0,121) үшін мәндерді құрады.

4.4.3.2 Әдістемелік тәсілдер

Қазақстан электролиз зауытында алюминий алу криолитоглиноземді балқытуда алюминий оксидінің электролиттік ыдырауына негізделген және электролизерлерде жүзеге асырылады.

Алдын ала күйдірілген анодтарды тұтыну бастапқы алюминий өндіру кезінде көміртегі диоксидінің шығарындыларының негізгі көзі болып табылады. Анодты алдын ала күйдірумен байланысты көміртегі диоксидінің өнеркәсіптік шығарындыларының басқа да көздері CO_2 жалпы энергетикалық емес шығарындыларының 10% - нан азын құрайды және есепке алу кезінде пайдаланылмайды. Қазақстан Республикасының зауыттарында электролиз әдісімен алюминийді өндіру кезінде парниктік газдардың (CO_2 және ПФК) шығарындыларын есептеу үшін шығыс материалдары мен шикізаты, олардың құрамы, үлестік шығыс көрсеткіштері, шығарылатын өнім көлемі туралы деректерді (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі № 100 – ө бұйрығымен бекітілген «Түсті металлургия кәсіпорындары үшін атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын есептеу әдістемесі», бұдан әрі – «ҚР алюминийді алу кезінде ЗЗ шығарындыларын есептеу әдістемесі») пайдалана отырып, есептеу әдісі пайдаланылады.

Барлық параметрлердің есептеуінде зауыт деңгейіндегі деректер қолданылады (2 -деңгей әдісі).

Алдын ала күйдіру арқылы электролизерлер үшін CO_2 шығарындылары КӨҮСТ БҚ 2006ж 4.17-теңдеуі бойынша есептеледі:

$$M_{CO2} = M_{Al} \cdot Q_{an} \cdot [(100 - S_{an} - Z_{an})/100] \cdot 44/12 \qquad (1)$$

мұндағы:

M_{CO2} – алдын ала күйдірілген анодтарды тұтынудан CO_2 массасының шығарындылары, тонналар;

M_{Al} – алюминий өндірісі, т Al;

Qan – алюминий тоннасына алдын ала күйдірілген анодтардың массасын нетто-тұтыну, т С/т Al;

San – күйдірілген анодтардағы күкірт құрамы % (1,8%);

Z_{an} – күйдірілген анодтардағы күлдің құрамы %;

44/12 – CO_2 молекулалық массасының көміртегінің атом массасына қатынасы, салыстырмалы бірліктер. Көміртегі массасын тотығу (жану) кезінде CO_2 көміртегі қос тотығының массасына ауыстырғанда қажет.

CO_2 шығарындыларын есептеуге арналған коэффициенттер алдын ала күйдірілген электролизерлер үшін халықаралық және ұлттық зерттеулер негізінде пайдаланылды, яғни күйдірілген анодтарда күкірт мөлшері 1,8% - ға тең; күйдірілген анодтарда күлдің мөлшері 3,77% - ға тең деп қабылданды.

4.4.3.3 Уақытша қатарлардың белгісіздігі мен бірізділігін бағалау

Анодтың көміртегінен немесе анод массасынан CO_2 шығарындылары коэффициенттерінің белгісіздігін бағалау 5%-дан аз болады. CO_2 шығарындыларына әкелетін реакциялар жақсы зерттелген; шығарындылар көміртегі анодында алюминийді қалпына келтірудің іргелі электрохимиялық теңдеулері және термиялық процестерде тотығу арқылы алюминий өндірісінің көлемдерімен тікелей байланысты. Барлық параметрлердің есептеуінде зауыт деңгейінде деректер қолданылады (2-деңгей әдісі). Анодты материалдардың минорлы компоненттеріндегі өзгермелілік байқалатынына қарамастан, бұл өзгермелілік CO_2 шығарындыларының жалпы есебіне елеулі үлес қоспайды.

Алюминийдің жылдық өндірісінің көрсеткіштері өте төмен белгісіздікпен сипатталады – 1% - дан кем. Күйдірілген анод немесе кокс түріндегі және анодтық масса түріндегі көміртекті тұтынудың белгісіздігі алюминий өндірісі үшін белгісіздіктен сәл ғана жоғары - 2% кем. 2-деңгей әдісі бойынша зауыттық шығарындыларды есептеудің басқа компоненті анодты әсерге арналған қызмет туралы деректер болып табылады, яғни ванна-тәулікке анодты әсердің минуты немесе анодты әсердің шамадан тыс күшеюі. Бұл параметрлер технологиялық процестерді басқарудың

автоматтандырылған жүйесінің жадында тіркеледі, сондықтан мұндай деректердің белгісіздігі төмен.

4.4.3.4 БҚ/СБ рәсімдері

CO_2 шығарындыларын есептеу кезінде алюминий өндірісі кезінде жалпы және егжей-тегжейлі БҚ/СБ рәсімдері қолданылды.

4.4.3.5 Қайта есептеулер мен жетілдірулер

Ұсыныстарға сәйкес (I.38 - 2.C.3 Aluminium production – CO2 (I.16, 2017) (I.21, 2016) Transparency; I.39 - 2.C.3 Aluminium production – CO2(I.50, 2017)Completeness; I.40 - 2.C.3 Aluminium production – PFCs(I.49, 2017)Transparency) ҰКБ (Ревью 2019ж.) жыл сайынғы шолу қорытындылары бойынша «Алюминий өндірісі» санатында барлық уақытша қатарға қайта есептеу және келесі жақсартулар жүргізілді: 1) ПФК есебі үшін теңдеуді қолдану сипаттамасы келтірілген бөлімдегі 4.14 – кестесі 4.16-кестесіне сілтеме түзетілді; 2) анодтарды күйдіру пешімен байланысты CO_2 шығарындысы күйдіру кезінде бөлінген ұшпа заттарды жағу және пешті (кокс) тиеу материалын жағу - екі басқа көздерінен шығарындылар есептелді. Қайта есептеу нәтижесінде төмендегі 4.23-кестеде келтірілген өзгерістер алынды.

4.23-кесте – 2017ж. және 2018 ж. «Алюминий өндірісі(ЖПЕ 2.C.3)» санатында түгендеу нәтижелері бойынша CO_2 шығарындыларының динамикасы

Жылдар	CO_2 шығарындылары мың тонна		Айырмашылық, %
	CRF 2017ж.	CRF 2018ж.	
2007	57,75	96,38	67,0 %-ға өскен
2017	1121,4	1939,86	73,0 %-ға өскен
2018	-	1973,31	0

Сонымен, қайта есептеу нәтижесінде «Алюминий өндірісі» санатынан ПГ-ның жиынтық шығарындылары базалық 2007 жылы 67,0% - ға, ал 2017 жылы 73,0% - ға өсті.

4.4.3.6 Жоспарлы жақсартулар

Бұл санатта жақсартулар жоспарланбайды.

4.5. Магний өндірісі

4.5.1 Санаттың сипаттамасы

Магний саласынан шығарылатын шығарындылар саны мен түрі бастапқы магний өндірісі үшін пайдаланылатын бастапқы материалдарға және/немесе балқытылған магнийді құю зауыттары мен қайталама металды қайта балқыту зауыттарында тотығудан қорғау үшін пайдаланылатын қорғаныс газ қоспасының түріне байланысты.

Бастапқы магний минералды көздерден алынатын металл магнийі деп аталады. Бастапқы магнийді электролиз немесе термиялық қалпына келтіру процесінде алуға болады. Бастапқы магний өндірісі үшін пайдаланылатын шикізат материалдары доломитті, карналитті, серпентитті, минералданған суды немесе теңіз суын қамтиды. Карбонат шикізатын (магнезит және доломит) қайта өңдеу CO_2 бөлінуімен сүйемелденеді. CO_2 көмірқышқыл газы электролиттік / термиялық қалпына келтіру кезеңінің алдында карбонатты кендерді (доломит/магнезит) кальцинирлеу сатысында бөлінеді.

Магнийді екінші рет өндіру құрамында магний бар әртүрлі қалдықтардан металл магнийді алу және екінші рет пайдалануды қамтиды, мысалы, өңделген бөлшектер, механикалық кесу қалдықтары, құю сынықтары, пеш қалдықтары және т.б. Магнийді бастапқы және екінші магнийден құюға болады. Магний құю процестері таза магний балқымасымен және /немесе жоғары магний балқымасымен жұмыс істеуді қамтиды. Қайталама магний (рециклинг) өндіру, қайта өңдеу, балқыту және құю кезінде балқытылған металл құрамында газ тасушы немесе кейбір жағдайларда флюс бар қорғаныс қоспалары сияқты қорғаныс жүйелерінің көмегімен бүкіл процесс ішінде тотықтанудан қорғайды.

Қазақстан Республикасында магний өндірісі елдегі жалғыз магний өндіретін кәсіпорында жүзеге асырылады, бұл «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ («ӨТМК»АҚ). Осы кәсіпорында магний өндіру үшін $MgCl_2$ хлорлы магний және KCl_2 * $MgCl_2$ сусыз карналлит балқытылған

тұздарының электролиз әдісі қолданылады. Өндірісте құю кезінде сұйық магнийді қорғау үшін жедел, күкіртті ангидридтен қорғау атмосферасын құрайтын техникалық ұнтақталған күкірт қолданылады. Құю кезінде сұйық магнийді қорғау үшін басқа әдістер қолданылған жоқ.

Осылайша, ҚР-да магний өндірісінің осы технологиясы кезінде парниктік газдардың шығарындылары байқалмайды, бұл елдегі парниктік газдарды түгендеу бойынша осы кадастрда тиісінше көрсетілмейді.

4.6. Қорғасын өндірісі (2С.5 ЖПЕ санаты)

4.6.1 Санатшаның сипаттамасы

Қорғасын бірқатар бірегей қасиеттерге ие: жоғары иілгіштік, шөгінділік, тығыздық, төмен балқыту температурасы, сұйықтық ағу, темір ерігіштігінің болмауы, сондай-ақ коррозияға және әртүрлі сәулелену түрлерінің енуінен қорғануға деген төтенше тұрақтылық, бұл оған өнеркәсіптің түрлі салаларында рұқсат етілген тазалық металдары, сондай-ақ қорытпалар компоненті түрінде кең сұранысты анықтайды.

Сульфидті қорғасын концентраттарын өңдеу үшін пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық технология қолданылады. Алайда, технологиялық жетілмеу салдарынан қорғасынды алудың гидрометаллургиялық тәсілдері пирометаллургиялық тұрғыдан бәсекелестікке қабілетсіз және осы уақытқа дейін өнеркәсіпте қолданылмады.

Қорғасын концентраттарынан қорғасынды бастапқы өндірудің екі жолы бар. Бірінші тәсіл - тізбекті жентектеу мен балқытудан тұратын жентектеу/ балқыту және бастапқы қорғасын өндірісінің шамамен 78% құрайды. Екінші тәсіл - тікелей балқыту, жентектеу сатысыз - дамыған елдерде бастапқы қорғасын өндірісінің 22%-ын құрайды. Пісіру/балқыту процесінде, пісірудің бірінші сатысында қорғасын концентраттарын рециклденген агломерат, әктас және кремнезем, оттегі және жоғары қорғасынды қожбен күкірт пен ұшпа металдарды өртеу мақсатында араластыру жүреді. Қорғасын балқыту дәстүрлі домна пешінде немесе Империал Смелтинг деп аталатын пеште шығарады. Қорғасынды балқыту процесі CO_2 шығарындыларын түзе отырып, қорғасын оксидін қалпына келтіру реакциясы болып табылады. Пісіру процесінің өнімі - шикі қорғасын балқытпасы болып табылады.

Тікелей балқыту тәсілінде жентектеу сатысы жоқ және қорғасын концентраттары мен басқа да материалдар олар балқитын және тотығатын пешке тікелей тиеледі. Қайталама қорғасын өндірісі қайта қолдануға дайындау мақсатында рециклденген қорғасынды қайта өңдеу көлеміне тең. Мұндай рециклденген қорғасынның басым бөлігі өңделген қорғасын аккумуляторларынан алынады.

Қорғасын өндіру кезінде CO_2 шығарындыларын бағалау «Парниктік газдарын ұлттық түгендеудің басқарушы қағидаттары КӨҮСТ» 2006 ж. әдістемесіне сәйкес жүргізілді, Қазақстан Республикасының ПГ шығарындыларын ұлттық түгендеуде бұл санат негізгі санат болып табылмайды.

4.6.2 Әдістемелік тәсілдер

Қазақстан Республикасында қорғасынның негізгі өндірісі: бастапқы тәсіл бойынша - Өскемен металлургия кешенінің қорғасын зауытында жүзеге асырылатын қорғасынның өндірісін жентектеу/балқыту бойынша жүргізіледі, қорғасынның қайталама өндіру процесі де ҚР-да орын алады. «Қорғасын өндірісі 2.С.5 ЖПЕ» санатындағы ПГ шығарындыларының үлесі 2018 жылы «Металлургия өнеркәсібінің шығарындылары» санатынан жалпы шығарындыларда 0,52%-ды құрады.

Агломерация кезінде алынатын пісірме шахталық пештерде балқытылады. Шахталық балқытудың мақсаты - шихта мен агломераттан тотықтарын қалпына келтірумен қара қорғасынды алу. Балқытуға арналған қалпына келтіргіш пен жылу пешке тиелетін кокстың жануы есебінен алынады. Сондай-ақ шахталық пештерде бөлінген қорғасынның аккумуляторлық батареялар сынықтары мен үгінділерін өңдеу жүзеге асырылады.

Тазартылған қорғасынды қайталама өндіру қайта қолдануға дайындау мақсатында рециклденген қорғасынды қайта өңдеу көлеміне тең. Мұндай рециклденген қорғасынның басым бөлігі қорғасын аккумуляторларынан алынады. Қорғасын аккумуляторларды балға ұнтақтағышта

сындырады және десульфуризацияны қолдана отырып немесе қолданбай балқытады немесе алдын ала ұсақтамай тұтас балқытады. Аккумуляторларды және басқа екінші қорғасын скрабын балқыту үшін Империал Смелтинг дәстүрлі пештерін пайдалануға болады.

2018 жылға арналған парниктік газдар шығарындыларының осы кадастрын дайындау кезінде қорғасын өндіру кезінде CO_2 шығарындыларын бағалауда белгісіздікті азайту мақсатында «Жасыл даму» АҚ сұратуы бойынша алынған ҚР ҰЭМ Статистика комитеті ұсынған қорғасын өндірісі туралы деректер пайдаланылды (ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің вице-министрі А. Пірімқұловтың қолы қойылған 1990-2018жж. аралығындағы қызмет туралы деректерді алу туралы 07.10.2019 жылғы №25-14/4-2932 шығ.хаты).

«Қорғасын өндірісі 2.С.5 ЖПЕ» санаты ҚР шығарындыларының негізгі санатына жатпайды, ҚР ҰЭМ Статистика комитеті ұсынған қызмет туралы деректер пайдаланылды, ПГ шығарындыларын есептеу үшін 1-деңгей әдісі пайдаланылды, ол шығарылған қорғасын мөлшерінің бір тоннасына 0,52 тонна/әдепкі бойынша шығарындылардың коэффициенттерін көбейтуден тұрады. Коэффициенттің мәні 2006 жылғы КӨҮСТ парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басқарушы қағидаттарының 4.81-бет, 4.6.2.2-бөлім, 3-том, 4.21-кестеден пайдаланылған. «Қорғасын өндірісі» санатынан CO_2 шығарындылары 2018 жылы 77,22 мың тонна CO_2 экв құрады және бұл 1990 жылғы деңгейден 48,8%-ға төмен. Барлық уақытша қатарда біз елдегі қорғасын өндірісі көлемінің төмендеуіне байланысты ПГ шығарындыларының төмендеуін байқаймыз. Бұл ретте 2018 жылы CO_2 шығарындылары 2017 жылмен салыстырғанда 0,78% - ға артты. Қорғасын өндірісінің көлемі және «Қорғасын өндірісі» санатынан ПГ шығарындылары 4.24-кестеде көрсетілген.

4.24- кесте - 1990-2018 жж. «Қорғасын өндірісінен» болған ПГ шығарындылары, мың тонна CO_2 экв.

	Жылдар									
	1990	1995	2000	2001	2002	2003	2005	2006	2007	2008
2.С.5 Қорғаныс өндірісі	290,3	88,5	185,8	158,7	162,1	133,1	135,4	115,9	117,6	105,7
Қорғаныс өндірісінен болған CO_2 шығарындылары	150,9	46,02	96,6	82,5	84,3	69,2	70,4	60,3	61,1	54,9

4.24-кестенің жалғасы

Жылдар	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
2.С.5 Қорғаныс өндірісі	80,9	103,4	115,5	88,1	91,1	127,06	120,1	134,14	147,33	148,5
Қорғаныс өндірісінен болған CO_2 шығарындылары	42,1	53,7	60,0	45,8	47,3	66,1	62,4	69,7	76,6	77,2

4.6.3 Уақытша қатарлардың белгісіздігі мен бірізділігін бағалау

Қорғасын өндірісі үшін белгісіздікті бағалау негізінен қызмет туралы деректермен байланысты белгісіздіктерден және аз дәрежеде шығарындылар коэффициентіне байланысты белгісіздіктерден туындайды.

Қорғасынның өндірісі туралы деректер ҚР ҰЭМ Статистика комитетінен алынған болғандықтан, қызмет туралы деректердің белгісіздігі ±10%-ға тең деп қабылданды. 1- деңгей есептерінде пайдаланылатын әдепкі бойынша шығарындылардың коэффициенті ±50% белгісіздігіне ие, КӨҮСТ 2006 ж. Парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басқарушы қағидаттары, 4.23-кесте, 4.6.3.2-бөлім т. 3.

4.6.4 БҚ/СБ рәсімдері

Қорғасын өндіру кезінде CO_2 шығарындыларын есептеу кезінде жалпы және егжей-тегжейлі БК/СБ рәсімдері қолданылды. Сапаны бақылаудың егжей-тегжейлі рәсімдерінің қатарында мыналар орындалды:

- CO_2 шығарындылары мен қызметі туралы деректердің уақытша қатарын талдау (жылдық өзгерістерді бағалау және осы өзгерістердің себептерін анықтау);
- ұлттық шарттар үшін әдепкі КӨҮСТ коэффициенттерінің қолданылуын бағалау.

4.6.5 Қайта есептеулер мен жетілдірулер

Осы санаттағы қайта есептеу жүргізілген жоқ. ҰКБ-ның (2019ж. Ревью)жыл сайынғы шолуының қорытындылары бойынша осы санатқа ҚХСТ-ның ескертулері мен ұсыныстары болған жоқ.

4.6.6 Жоспарлы жақсартулар

Бұл санатта жақсартулар жоспарланбайды.

4.7 Мырыш өндірісі (2С.6 ЖПЕ кіші санаты)

4.7.1 Санаттың сипаттамасы

Қазақстан Республикасының ПГ шығарындыларын ұлттық түгендеуде бұл санат негізгі санат болып табылмайды. «Мырыш өндірісі» санатындағы ПГ шығарындыларының үлесі «Металлургия өнеркәсібінің шығарындылары» санатынан жалпы шығарындыларда 2018 жылы 2017 жылға қарағанда (4,4%) кішкене аз болды және 4,2% құрады.

Бастапқы материалдардан мырыш өндіруге байланысты тарихи басты экологиялық проблема сульфидті концентраттарды күйдіру және балқыту кезінде пайда болатын күкірт диоксидінің шығарындылары болды. Бұл мәселені ЕО металлургиялық кәсіпорындары тиімді шешті, бірақ Қазақстанда ол әлі өзекті болып қала береді. Оттықты және басқа да материалдарды сілтілеу кезінде құрамында темірі жоғары ерітінділер пайда болады. Ерітінділерден темірдің шөгуі құрамында түрлі қоспалар бар қатты қалдықтардың едәуір көлемін алуға әкеледі. Бұл қалдықтарды кәдеге жарату арнайы әдістер мен технологияларды қолдануды талап етеді. Сондай-ақ жентектеу мен күйдіру және т.б. процесінде пайда болатын ұйымдастырылмаған шығарындылар да елеулі мәнге ие, оларды процестің барлық сатыларында ескеру қажет. Мырыш электролиз цехтарындағы қышқыл булардың шығарындылары осындай шығарындыларға тән мысал болып табылады.

Мырыш өндіру кезінде CO_2 шығарындыларын бағалау 2006 ж. «КӨҮСТ парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басқарушы қағидаттары» әдістемесіне сәйкес жүргізілді.

Бастапқы мырыш өндірудің үш түрлі жолы бар. Бірінші тәсіл - бұл «электротермиялық дистилляция» деп аталатын металлургиялық процесс, бұл процесс күйдірілген концентратты және мырыш, галогенид, кадмий және басқа қоспаларды жою мақсатында жағылатын шихтадағы қайталама мырыш өнімдерін біріктіру үшін қолданылады. Электротермиялық дистилляция процесі АҚШ пен Жапонияда қолданылады.

Мырыш өндірісінің екінші тәсілі «Империал Смелтинг» пешін пайдалана отырып, пирометаллургиялық процесін ұсынады, бұл бір мезгілде қорғасын және мырыш концентраттарын өңдеуге мүмкіндік береді. Процесс нәтижесінде қорғасын, мырыш және энергиялық емес CO_2 шығарындылары пайда болады.

Бұл әдіс мырыш сульфидін кальцийлейді және мырыш оксидін алады. Мырыш оксиді содан кейін күкірт қышқылымен өңделеді және темір қоспаларды, мыс пен кадмийді жою мақсатында тазартылады. Содан кейін мырыш ерітіндіден электролизбен алынады. Электролиттік процесс CO_2 энергетикалық емес шығарындыларын бермейді. Қазақстан Республикасында мырышты бастапқы өндіру гидрометаллургиялық тәсілмен жүзеге асырылады, ол CO_2 энергетикалық емес шығарындыларын бермейді. Алайда, Қазақстанда вельц-пештерде вельц-кектерден алынатын мырыш өндірудің екінші тәсілі бар. Осы кадастрда «Қазмырыш» ЖШС өндіретін вельц-пештеріндегі вельц-кектерден мырыш өндірудің қайталама тәсілінен ПГ шығарындылары қаралды.

Мырыш өндірудің гидрометаллургиялық тәсілін іске асыру кезінде жартылай өнімдер мырышты кек және мыс-кадмий кегі пайда болады. Қазақстанда мырыш кесектері вельц-